

ҒЫЛЫМ-БІЛІМ



Нұрхат Жакиев, физик-ғалым: «ГАРВАРДАҒЫ ДӘРІСТЕРДЕН ЕЛГЕ АЛЫП КЕЛЕР ДҮНИЕ КӨП»

5-БЕТ

ЕЛ-ЖҰРТ



БАЛТАЛЫ БҰЗАҚЫҒА ҚАРСЫ ТҮРҒАН...

11-БЕТ

Өткенде шаһардағы Әбілқайыр хан даңғылы бойындағы Бәйтерек базарында бір бұзақы жұртқа балта ала жүгіріп, әлек салды. Сол сәтте Жаниха Сарисова әлгіден тайсалмай, қарсы тұрды.

КЕРУЕН САРАЙ



ШЫҢҒЫРЛАУ МЕКТЕБІНДЕ ЖАС ТАЛАНТТАР ШЫҢДАЛУДА

16-БЕТ

Шыңғырлау ауданындағы жалпы орта білім беретін Келешек мектебі оқушыларға білім берумен ғана шектелмейді, аталмыш білім ошағында шәкірттердің шығармашылық, зияткерлік қабілеттерін дамыту үшін барлық жағдай жасалған.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

Газет 1917 жылдың 28 шілдесінен бастап шығып келеді. 1968 жылы "Құрмет Белгісі" орденімен марапатталған

www.zhaikpress.kz

oral_oniri@inbox.ru

www.facebook.com/zhaikpress

twitter.com/zhaikpress

www.instagram.com/zhaikpress



JAIYQ PRESS

ORAL ÓÑIRI

№30⁽²¹⁵²⁷⁾

Жұма,

10 сәуір 2026 жыл



12 сәуір –

Ғылым қызметкерлерінің күні



6-7

Алматыдан ақжолтай хабар

БАЛАЛАР ТЕАТРЫ БАС ЖҮЛДЕ АЛДЫ!

Алматыда өткен IV халықаралық «Алға, жетістікке - 2026» балалар театрларының фестивалінде Орал қалалық мектептен тыс жұмыс орталығының «Шаңырақ» театр студиясы бас жүлдені жеңіп алды. Өнер байқауына Қазақстанның барлық облысынан және Ресей, Беларусь, Қырғызстаннан 32 театр ұжымы қатысты.

Алматы қаласының Оқушылар мен балалар үйі балалар театрларының байқауын жыл сайын өткізеді. Халықаралық деңгейде өткен кезекті фестиваль үш күнге созылды. Байқау көршілес елдерден келген шығармашылық топтардың өнерін тамашалауға және өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді.

«Шаңырақ» театр студиясы көпшілік назарына «Тыңдашы» драмалық қойылымын ұсынды. Отбасылық құндылықты, бауырлар арасындағы сыйластықты, ата-анаға құрметті насихаттайтын аталған қойылымның ауто-

ры - студия жетекшісі, қосымша білім беру педагогі (мамандығы режиссер) Жандос Бақтығалиев. Театр мен өнер саласының майталмандары, қазылар алқасы, оралдық жас өрендердің қойылымын жылы қабылдады. Шығарманы сахналауға алты шәкірт қатысты. Бұл театр студиясы аталған орталықта бес жылдан бері жұмыс істейді.

Түрлі аталымдар бойынша байқауға қатысушылардың ішінен тек бес өнерпаз марапатталды. Олардың ішінде екеуі біздің өңірден: «Шаңырақ» театр студиясының тәрбиеленушілері - Бекарыс Бақтығалиұлы «Үздік ер адам бейнесі», Саида Аққобан «Үздік актриса» аталымдарына лайық деп танылды. Екеуі де шығармашылықтың, өнердің және мәдениеттің ордасы Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына оқуға түсіп, кәсіби актер болуға дайындалуда. Сондай-ақ өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие берудегі жемісті еңбегі үшін театр студиясының жетекшісі Жандос Бақтығалиев алғысхатпен марапатталды.





мен басым бағыттар айқындалды. Атап айтқанда, агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік қолдау шаралары, субсидиялау тетіктері және жеңілдетілген несиелеу мүмкіндіктері жан-жақты түсіндірілді. Сонымен қатар салық заңнамасындағы өзгерістер, олардың ауыл шаруашылығы субъектілеріне әсері туралы ақпарат берілді.

Бағыт-бағдарды баяндады

Облыс әкімінің орынбасары Қалияр Айтмұхамбетов пен Шыңғырлау ауданының әкімі Мұрат Өмірәлиев аталған ауданда ауыл шаруашылығы құрылымдарының өкілдерімен кездесті. Жиынға ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Рүстем Зұлқашев, «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ өңірлік филиалының директоры Марат Сәрсеев қатысты.

Кеңесте аудан бойынша былтырғы жыл есебі баяндалып, 2026 жылға арналған негізгі міндеттер



Бұл өз кезегінде шаруалардың алдағы жұмысын тиімді жоспарлауына мүмкіндік береді.

Кездесу ашық диалог сипатында өтіп, қатысушылар өзекті мәселелерді көтеріп, сала мамандарынан толыққанды жауап алды. Әсіресе қаржыландыру, мал шаруашылығын дамыту және мемлекеттік бағдарламаларға қатысу мәселелері талқыланды.

Жиын соңында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Р. Зұлқашев және өзге де сала мамандары қатысушыларды жеке қабылдап, қойған сұрақтарына жауап берді.

Нұрғали ТӨЛЕГЕНОВ,
Шыңғырлау ауданы

Төралқа талқылаған жоба-жоспар



Облыстық қоғамдық кеңестің кеңейтілген құрамдағы төралқа отырысы өтті. Оған кеңес мүшелерімен қатар, өңірдегі атқарушы құрылымдардың басшылары мен мемлекеттік құрылым өкілдері қатысты. Жиында өңірдің дамуына қатысты өзекті мәселелер талқыға түсті.

Түгелбай КЕНЖЕҒАЛИУҰЛЫ,
«Орал өңірі»

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе құқықбұзушылықтың алдын алуға атсалысқан белсенді азаматтарды ынталандыру тетіктері жайында болды. Атап айтқанда, қоғамдық тәртіпті сақтауға үлес қосқан тұрғындарды қолдау қағидалары мен ақшалай сыйақы мөлшерін бекіту жайы айтылды. Талқылау бары-

сында кеңес мүшелері сыйақы алу мақсатында кей азаматтар жалған ақпарат беруі мүмкін екенін айтып, мұндай істер толық тексерілу керектігін жеткізді.

Одан бөлек басқосудың маңызды бағыттарының бірі – ауылдық жерде еңбек ететін маман мәртебесін көтеруге арналды. Осы орайда денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария және орман шаруашылығы

салаларының қызметкерлеріне, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік ұйым мамандарына лауазымдық айлық ақыларын 25%-ға ұлғайту туралы ұсыныстар сараланды.

Облыстағы тұрғын үй қорын жаңарту мәселесі де назардан тыс қалмады. Төралқа мүшелері Батыс Қазақстан облысының тұрғын үйді реновациялау бағдарламасын және осы бағыттағы жаңғыртуға жататын нысандардың тізбесін бекіту мәселесін жан-жақты талқылады. Бұл қадам ескірген үйлердің орнына заманауи баспаналар салу арқылы қала келбетін жақсартуға септігін тигізбек.

Жиын соңында «Құқығыңды біл, қоғамның белсенді мүшесі бол!» жобасы қорытындыланды. Халықтың құқықтық сауатын арттыру бағытындағы атқарылған жұмыстарға баға берілді. Күн тәртібіндегі барлық мәселе бойынша тиісті шешімдер қабылданып, мемлекеттік құрылымдарға нақты ұсынымдар жолданды.

Жуырда Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің білім және менеджмент институтында «Жастарға жұмыс» атты бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтті. Аталмыш іс-шараны Орал қаласындағы мансап орталығы мен облыстық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының қолдауымен БҚИТУ ұйымдастырды.

Таңдау және мүмкіндіктер алаңы



Гүлфия ҚОЛҒАНАТОВА,
«Орал өңірі»

Ұйымдастыру жұмысының басты мақсаты – жұмыс берушілер мен іздеушілердің арасындағы тікелей байланысты қамтамасыз етіп, университетті енді тәмамдаған түлектерге жұмыс табуға және мекемелерге кадрларды іріктеуге қолайлы жағдай жасау.

Жәрмеңкеде Зашаған кенті әкімі аппараты, мектепке дейінгі білім беру мекемелері, екінші деңгейлі банктер, психологиялық сауықтыру мекемелері, «Технодом» ЖШС, Орал қаласының полиция басқармасы, Жұбан Молдағалиев атындағы облыстық кітапхана, Орал қалалық мансап орталығы бойынша өкілдер болды. Сондай-ақ «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының облыстық филиалы, Орал қалалық көпбейінді ауруханасы, «IT Kazakhstan» ЖШС, шаһардағы №17, №26 жалпы білім беретін орта мектептер мен басқа да мекеме-кәсіпорындардың мамандары қатысты.

Бос жұмыс орындар жәрмеңкесінде мемлекеттік мекеме мен кәсіпорындар 500-ден астам жұмыс орнын ұсынды. Жәрмеңкеде 150-ге жуық білім алушы түлек пен жұмыс іздеуші мамандар болды. Түлектер жұмыс берушілермен тікелей сұхбат алмасып, түйіндемелерін қалдыруға мүмкіндік алса, бірқатары сол мезетте жұмысқа шақырту алды.

Атап айтсақ, «Айана» мектепке дейінгі білім беру мекемесіне дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша екі түлек, психологиялық білім беру бағдарламасы бойынша бір түлекті жұмысқа қабылдауға келісім берді. «АВА Балама» орталығына бір психолог маман ретінде шақырту алды, – дейді БҚИТУ-дың мансап және практиканы ұйымдастыру бөлімінің басшысы, аға оқытушы Жанат Тілесова.

Іс-шараға қатысқан мекеме өкілдері жәрмеңке ұйымдастырушыларына алғысын айтып, бұл бағыттағы басқосу әрмен қарай жалғасын табуына тілектестігін білдірді.

Акция аясындағы сенбілік



«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Қаратөбе ауданында жаппай сенбілік өтті.

Қаратөбе ауылының облыстық маңызы бар тасжолдың 102 шақырым аумағынан қатты тұрмыстық қалдықтар төгілетін орынға дейінгі аралық, Қ. Жұмалиев атындағы саябақ, Шөптікөл ауылының аумағы тазартылды.

Аудан әкімі Қадыржан Сүйеуға-

лиев сенбілік өтіп жатқан аумақтар мен қоқыс төгетін полигонды аралады.

Сенбілікке мекеме қызметкерлері, жастар мен еріктілер, аудан тұрғындары, жалпы саны 1278 адам белсенді қатысты. Сондай-ақ 21 техника жұмылдырылып, 44 тонна қоқыс қалдықтары арнайы орындарға шығарылды. Тазартылған аумақ – 14 гектар.

Жаппай сенбілік барысында арнайы бөлінген аумақтарда тазалық жұмысы жүргізілді. Барлық саябақта ағаштарға күтім көрсетіліп өктелді.

Серікбай ХАСАНОВ,
Қаратөбе ауданы



Жоспарды орындауға 50 млн текше метрге жуық су қажет

Өсімдік шаруашылығының маңызды бағытының бірі - суармалы егіншілік. Осыған байланысты өңірде су үнемдеу технологиясы қолданылуда. Облыс әкімдігінде Жайық-Каспий бассейндік су инспекциясының басшысы Ғалидолла Азидуллинның төрағалығымен өткен кеңестің кезекті отырысында су ресурстарын пайдалануға қатысты мәселелер қаралды.

**Ясипа РАБАЕВА,
«Орал өңірі»**

Облыс әкімі баспасөз қызметінің хабарлауынша, кеңес барысында Жайық, Қараөзен, Сарыөзен және Қиғаш өзендерінде көктемгі су тасқыны кезеңінің өту барысы, су ресурстарын қорғау және пайдалану жөніндегі бассейндік жоспар, ауыл шаруашылығы үшін су пайдалану лимиттері талқыланды. Жиында облыс әкімінің орынбасары Қалияр Айтмұхамбетов суармалы жер көлемі кезең-кезеңімен ұлғайтылып жатқанын айтты. Былтыр өңірдегі тұрақты суарылған алқап көлемі 12 441 гектарды құраған. Мұндай алқаптардың аумағы 2023 жылмен са-

лыстырғанда 3 420 гектарға ұлғайған. Оның 6 764 гектарына малазықтық (судан шөбі, жоңышқа, сүрлемдік жүгері), 2 531 гектарына дәнді дақылдар (арпа, жаздық бидай, соя) және 3 096 гектарына картоп, көкөніс пен бақша дақылдары егілді.

- ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің 2024-2030 жылдары ауыл шаруашылығы саласында жалпы өнім көлемін екі есе арттыру жөнінде бекітілген жол картасы бар. Соған сәйкес биыл өңірде су үнемдеу технологияларын пайдалану арқылы 12,1 мың, 2030 жылы 36,2 мың гектар алқапты суаруды жоспарлап отырмыз. Жер қатынастары басқармасының мәліметіне сүйенсек, облыста 60 мың гектар-

дан астам суармалы жер бар. Бұл суармалы алқаптарды әрі қарай ұлғайтуға мүмкіндік бар дегенді білдіреді, - деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Берік Сейітқазиев.

Салалық министрліктің нормативтік құжаты мен тиісті бұйрығына сәйкес биыл облысқа ауыл шаруашылығы жерлерін суаруға 35 млн текше метр пайдалану лимиті бекітілген. Бірақ Берік Маратұлының айтуынша, жалпы өнім көлемін екі есе арттыру жөніндегі жоспарды орындау үшін бұл лимит жеткіліксіз. Мәселен, бекітілген жол картасына сәйкес биыл 12,1 мың гектар ауыл шаруашылығы жерін суаруға 48,9 млн текше метр су қажет. Осыған орай облыс әкімінің орынбасары бассейндік кеңеске су пайдалану үшін рұқсат етілген көлемді қайта нақтылау туралы ұсыныс берді. Кеңес отырысының соңында су ресурстарын үнемдеу, оларды бөлу және тиімді пайдалану тетіктерін жетілдіру жөнінде ұсынымдар енгізілді.

СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ НЫСАНДАРЫ БАРЛЫҒЫ 75 гидротехникалық құрылыс



**ҚОЙМАЛАРДЫҢ СУ ЖИНАУ
КӨЛЕМІ
669 МЛН м³**

**ИРРИГАЦИЯЛЫҚ
КАНАЛДАРДЫҢ
ЖАЛПЫ ҰЗЫНДЫҒЫ
2019 шақырым**

ЖОБАЛАР



Магистральдық каналдардың реконструкциясы жобасы 2024 жылы 7 магистральдық каналдың (Көшім, Бударин, Первомай, Тайпақ, Фурман, Саңкібай, Айдархан) реконструкциясы басталды. Қазіргі уақытта 3 жоба (Тайпақ, Саңкібай, Айдархан) мемлекеттік сараптамадан өтуде.



Жайық-Шалқар арнасын реконструкциялау басталды (2021 жылы). Жоба құны - 4,7 млрд теңге. Жергілікті бюджеттен 477 млн теңге бөлінді. Республикалық бюджеттен - 1,5 млрд теңге. 2026 ж. РБ - 1,587 млрд теңге



Сакрыл жобасы бойынша ЖСҚ жасақталып жатыр. Мамай жобасына мемлекеттік сараптама қорытындысына байланысты түзету енгізілуде. Жақсыбай жобасы бойынша ЖСҚ жасақталып, мемлекеттік сараптамадан өткізу жоспарлануда.



«Жәнібек магистральдық каналының реконструкциясы» жобасына мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы берілді. Бүгінгі күні Жәнібек сорғы стансасының құрылғыларын ауыстыру үшін мемлекеттік сатып алу жұмысы жүрді. 25 су арнасы облыс әкімдігінің коммуналдық меншігінен республикалық меншікке табысталды.

Мәліметтерді ұсынған Жайық-каспий бассейндік су инспекциясы

Қысқа-нұсқа

ОРАЛ



«AMANAT» партиясының облыстық филиалы бақылау комиссиясының кезекті отырысы өтті. Комиссия отырысында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қалалар мен елді мекен тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету деңгейі қаралды. Облыс бойынша 413 ауылдың 362-сі орталықтандырылған ауыз сумен қамтылған. Ал орталықтандырылған жүйеден бас тартқан 51 ауылдағы құдықтар мен ұңғымаларды пайдалану арқылы сумен қамтамасыз етілуде.

2025 жылы жалпы құны 8,9 млрд теңгені құрайтын жобалар атқарылды. Соның нәтижесінде 8 мыңға жуық адам таза ауыз сумен қамтылды.



БӨКЕЙ ОРДАСЫ

Аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Бекбол Жұмабекұлының төрағалығымен іс-шара өтті. Атап айтсақ, Бисен ауылдық округі әкімінің сайлауын белгілеу, комиссия жұмысын ұйымдастыру мәселесі қаралды.

Комиссия шешімімен сайлау күні 17 мамырға деп белгіленді. Бисен ауылдық округінде 27 сәуірден бастап төрт учаскелік комиссия жұмыс істемек. Комиссия мүшелерінің саны - 28.



ЖӘНІБЕК

Аудандық музей бөлімі мен Сәкен Ғұмаров атындағы музей-үйінің ұйымдастыруымен қазақ өнерінің көрнекті өкілі, ауыл өнерпазы Мұқамбетжан Ғұмаровтың туғанына 115 жыл толуына орай «Театр өнерінің майталманы» атты еске алу кеші Zoom платформасы арқылы өтті.

Іс-шараның мақсаты - өнер қайраткерінің өнегелі өмірі мен шығармашылығын таныстырып, жас буынды адалдыққа, мейірімділікке және өнерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Кешке Т. Жароков атындағы орта мектептің 8-сынып оқушылары мен жетекшілері, музей қызметкерлері қатысты. Кеш соңында М. Ғұмаровқа қатысты құнды жәдігерлер таныстырылды. Олардың қатарында қолжазбалары, фотосуреттері, театр құжаттары және жеке заттары бар.



ҚАРАТӨБЕ

Ауданның төтенше жағдайлар бөлімі жергілікті атқарушы құрылыммен бірігіп, Жусандыой ауылында түсіндіру-профилактикалық іс-шарасын өткізді.

Тұрғындарға жылыту құралдарын қауіпсіз пайдалану, сенбілік кезіндегі өрт қауіпсіздігі, газ және электр жабдықтарын қолдану ережелері, су айдындарындағы қауіпсіздік талаптары туралы түсінік берілді. Сонымен қатар балаларды қараусыз қалдырмауға және төтенше жағдайдағы іс-әрекет тәртібі туралы ақпарат берді.



СЫРЫМ

Бұлдырты ауылында игі бастама аясында тұрғындар мен мекеме қызметкерлері жаппай сенбілікке шығып, көгалдандыру жұмысына қатысты. Соның нәтижесінде 310 түп тал-терек егілді. Бұл жай ғана ағаш отырғызу емес, келешек ұрпаққа жасалған қамқорлық, табиғатқа деген жана-шырлықтың айқын көрінісі екені анық.



ШЫҢҒЫРЛАУ

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылып жатқан сенбіліктер - елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсартумен қатар, тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды бастама. Жақында ауданға қарасты Ақсуат ауылының тұрғындары белсенділік танытып, ауыл көшелері мен аулаларын қоқыстан тазартты. Қоршаған ортаның тазалығын сақтап, табиғатты қорғау мақсатындағы көпшілік шаралар алдағы уақытта да жалғаса бермек.



• 2026 жыл – Цифрландыру және жасанды интеллект жылы

«Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек. Бұл – қазіргі жаңа технология дәуірінде өркендетті ел болып қалудың бірден-бір жолы. Халқымыздың ой-санасы мұндай инновацияларға дайын екеніне сенімдімін. Қазақстан да экономика мен қоғамдық өмірге жасанды интеллектіні енгізуге басымдық беріп жатыр. Еліміздің бұл жұмысқа қатысты бастапқы мүмкіндіктері жаман емес».

**Қазақстан Республикасы Президенті
Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылғы
5 қаңтарда «Turkistan» газетіне берген сұхбатынан**



Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің цифрлық технологиялар басқармасына қарасты «Ақпараттық технологиялар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023 жылы облыс әкімдігінің қаулысымен құрылды. Қазіргі кезде мекеме құрылымында жобалық басқару, цифрлық жобаларды жүзеге асыру және әкімшілік бөлімдері жұмыс істейді. Аталған орталықтың басшысы Махамбет Сұлтанғалиевқа жолығып, мекеменің тыныс-тіршілігі туралы сұхбаттастық.

«Аймақ07» ақпараттық жүйесіне инвестициялық жобалар енгізілуде

– Біздің орталық Ақ Жайық өңіріндегі цифрлық саланың даму бағыттарына жүйелі түрде қолдау көрсетіп келеді. Жобалық басқару бөлімі облысымыздың өңірлік жобалық кеңсесі болып табылады. Аталған бөлім «Битрикс» жобалық басқару ақпараттық жүйесіне жобаларды енгізеді және олардың жүзеге асырылуына мониторинг жүргізеді. Сонымен қатар жобалық кеңсе «Битрикс» ақпараттық жүйесін пайдалану бойынша практикалық әдістемелік көмек көрсетеді.

Жобалық басқару бөлімінің мамандары ҚР СТ ISO 21502-2022 стандарты бойынша сертификатталған жоба басшысы біліктілігін алған. Жобалық басқару бөлімінің құрамы облыс әкімінің 2022 жылғы 20 мамырдағы №124 «Мемлекеттік жоспарлау жүйесінде жобалық басқару кеңсесін құру туралы» өкімімен бекітілген. Осы өкімге сәйкес жобалық кеңсе құрылымында жобалық кеңсе басшысы, әкімшісі, бас менеджері және ішінара менеджерлер бар.

– Махамбет Амантайұлы, «Битрикс» жобалық басқару ақпараттық жүйесіне өңірімізде қандай жобалар енгізілген?

– Қазіргі таңда аталған ақпараттық жүйе төрт ұлттық жобаның және жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының, жол карталарының жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Соңғы екі жылда «Битрикс» жобалық басқару ақпараттық жүйесіне 304 жоба енгізіліп, оның 217-сі толық аяқталды, ал 87 жоба іске асырылу сатысында. «Битрикс» жүйесіне «Келешек мектептері», «Қолжетімді интернет», «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту», «Энерге-

тикалық және коммуналдық секторды модернизациялау» атты ұлттық жобалар енгізілген.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында өңірде 2024-2025 жылдары тоғыз мектеп салу жоспарланған. Бұл күндері сегіз мектептің құрылысы толық аяқталып, бір мектептің Ақсай қаласындағы құрылысы жалғасуда. Одан басқа «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында облыс бойынша 50 жоба (медициналық пункт, дәрігерлік амбулатория, фельдшерлік-акушерлік пункт) «Битрикс» жүйесіне енгізіліп, толықтай жүзеге асырылды. Сонымен қатар «Көпсалалы орталық аудандық ауруханаларды жаңғырту» бағыты бойынша Казталов аудандық ауруханасы ғимаратын қайта жаңғырту және Ақсай қаласындағы Бөрлі аудандық ауруханасының стационар ғимараттарына қосымша құрылыс салу жобалары ақпараттық жүйеге енгізілді. Аталған жобаларды 2026 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған.

«Қолжетімді интернет» ұлттық жобасының мақсаты – республикалық және облыстық маңызы бар аутомобиль жолдарын мобильді кеңжақты интернетпен қамтамасыз ету үшін цифрлық инфрақұрылым салу. Осы бағытта 2024 жылдан бастап облыстың алты ауданында жеті антенна-діңгек құрылысы жүзеге асырылуда. Олар Сырым, Жәнібек, Теректі, Шыңғырлау, Қаратөбе, Казталов (АДҚ-07-01, АДҚ-07-02) аудандарында салынуда.

«Энергетикалық және коммуналдық секторды модернизациялау» ұлттық жобасы аясында 2025-2027 жылдары жүзеге асырылатын бірқатар жобалар «Битрикс» жүйесі-

нен орын алды. Ондай жобалар ішінде Орал және Ақсай қалаларының көріздік тазарту нысандарын қайта жаңғырту жобалары бар. Бұл жобалар қазіргі кезде іске асырылуда және мемлекеттік сараптамадан өткен. Сонымен қатар Мемлекет басшысының 2023-2029 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы бойынша жасақталған жол картасы аясында 73 жоба жүйені толықтырды. Оның ішінде 63 жоба жүзеге асырылды, 10 жоба іске қосылуда.

– Сонда өңірде жүзеге асырылатын барлық жоба «Битрикс» ақпараттық жүйесіне енгізіледі ме? Өткен жылғы жұмыс қорытындысына көңіл тола ма?

– Иә, солай. Президент Әкімшілігі, Үкімет аппараты және орталық атқарушы құрылымдардың тапсырмасына сәйкес өңірде жүзеге асырылатын барлық жоба «Битрикс» ақпараттық жүйесіне енгізілді. Мысалға, «Қазақстан Республикасының су шаруашылығын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспары» жол картасы аясында «Битрикс» жүйесіне 59 жоба енгізілді. Оның 8-і толық аяқталып, қалған 51 жоба бойынша жұмыстар жалғасуда.

Жалпыұлттық жоспар іс-шаралары аясында қолға алынған 26 жоба ақпараттық жүйеге енді. Атап айтқанда, 2024 жылғы көктемгі су тасқыны салдарынан зардап шеккен 19 гидротехникалық құрылысты қалпына келтіру және қайта құру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ «1300 мектепті қайта жаңғырту және күрделі жөндеу» жобасы аясында 2025 жылы облыстағы алты мектеп күрделі жөндеуден өткізіліп, жү-

йеге қосылды. «Таза Қазақстан» бастамасын жүзеге асыру жобасы да толықтай аяқталды. Атқарылған жұмыстар нәтижесіз емес. Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Досжан Мұслиевтің 2025 жылғы 12 желтоқсандағы хатына сәйкес Ұлттық жобалау кеңсесі жүргізген мемлекеттік құрылымдардың жобалық дамуының апта сайынғы рейтингтік бағалауы шықты. Өткен жылдың қорытындысы бойынша күллі еліміздің өңірлері арасынан Батыс Қазақстан облысының өңірлік жобалық кеңсесі 3-орынға шықты. Бұл көрсеткіш өңірде жобалық басқару тетіктері-

пасын көтеру және өңірдің бірыңғай цифрлық экожүйесін қалыптастыру міндеттері кіреді. Бөлім өз қызметінде үдерістерді аутоматтандыруға, цифрлық инфрақұрылымды дамытуға және тұрғындар үшін электрондық қызметтердің қолжетімділігін кеңейтуге басымдық береді. Одан басқа мамандар bko.gov.kz мемлекеттік интернет-ресурстардың тұрақты әрі үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік сайттардың шаруасын үйлестіру, оларды тұрақты негізде бақылау және мазмұнының өзектілігін қамтамасыз ету бағытында жұмыстанады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік құрылымдар қызметінің ашық-

тығын арттыруға және тұрғындардың сапалы әрі сенімді ақпаратпен қамтылуына жол ашады. Мемлекеттік интернет-ресурстарды сүйемелдеу және мониторинг жүргізу мәселесінде бөлім «IT Hub» IT компаниясымен бірлесіп жұмыстанады. Бірлескен жұмыс аясында сайттардың техникалық тұрақтылығы, ақпараттық қауіпсіздігі және қолданушыларға қолайлылығы қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар жобалық басқару бөлімі өңір басшысы Нариман Төреғалиевтің тапсырмасына сәйкес инвестициялық жобалардың іске асырылуына мониторинг жүргізеді. Негізгі капиталға тартылған инвестициялардың 2026 жылға арналған нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу мақсатында «Аймақ07» ақпараттық жүйесіне инвестициялық жобаларды енгізу жұмысы жүргізілуде. Аталған ақпараттық жүйе облыс әкімінің тапсырмасымен өңірге тартылған инвесторларға қолдау көрсету және тәуекелдердің алдын алу бағытында қызмет етеді.

– Сіз басшылық жасайтын орталық өңірде цифрлық трансформация үдерістерін жүзеге асыруға, цифрлық технологияларды енгізе отырып, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға қызмет етеді. Осы бағытта қандай шаруалар атқарылды?

– Нақты осы айтылған міндет-миссия орталықтың цифрлық жобаларды жүзеге асыру бөліміне жүктелген. Бұл бөлім өңірде цифрлық трансформация үдерістерін іске асыруға, мемлекеттік цифрлық бастамаларды қолдауға және заманауи ақпараттық технологияларды енгізуге жауапты. Сонымен қатар бөлімнің негізгі қызметіне заманауи цифрлық технологияларды жүйелі түрде енгізу арқылы мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру, цифрлық сервистердің са-

тығын арттыруға және тұрғындардың сапалы әрі сенімді ақпаратпен қамтылуына жол ашады. Мемлекеттік интернет-ресурстарды сүйемелдеу және мониторинг жүргізу мәселесінде бөлім «IT Hub» IT компаниясымен бірлесіп жұмыстанады. Бірлескен жұмыс аясында сайттардың техникалық тұрақтылығы, ақпараттық қауіпсіздігі және қолданушыларға қолайлылығы қамтамасыз етіледі.

Цифрлық жобаларды жүзеге асыру бөлімі «Ақылды қала» және «Ақылды өңір» тұжырымдамалар аясында өңірде бірқатар маңызды цифрлық жобаларды іске асырып келеді. Аталған бастамалар қалалық және өңірлік инфрақұрылымды басқарудың тиімділігін арттыруға, қоғамдық қауіпсіздікті күшейтуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Осы бағытта өңірде «iKotek 109» бірыңғай байланыс орталығы жұмыс істейді. Бұл жүйе тұрғындардың тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, абаттандыру, көлік және басқа да әлеуметтік мәселелері бойынша өтініштерін жедел қабылдап, олардың орындалуын бақылауға мүмкіндік береді. Аталған жоба «Ақылды қала» тұжырымдамасының негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар өңірде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жасанды интеллектпен жабдықталған жаңа бейнебақылау камералары орнатылуда. Осы камералар адам ағынын талдау, көлік қозғалысын бақылау, жол-көлік оқиғаларын анықтау және қоғамдық орындардағы күдікті жағдайларды аутоматты түрде тіркеу мүмкіндіктеріне ие.



Жаңа технологиялар жедел әрекет етуге, құқық қорғау құрылымдарының жұмысын жеңілдетуге және жалпы шаһар қауіпсіздігін арттыруға ықпал етеді. Алдағы уақытта «Ақылды қала» жобасы аясында деректерді талдау, цифрлық мониторинг және қалалық инфрақұрылымды басқару бойынша жаңа цифрлық шешімдерді енгізу жоспарланып отыр.

- Махамбет Амантайұлы, орталық облыста цифрлық мәдениетті қалыптастыруды, тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыруды және жаңа технологияларға деген қызығушылықты дамытуды мұрат етеді. Осы бағытта қандай іс-шаралар ұйымдастырылды?

- 2025 жылы 14 қараша - Цифрландыру күніне орай біздің орталық арнайы іс-шара ұйымдастырды. Аталған іс-шара барысында қатысушыларға цифрландырудың мемлекеттік басқарудағы, білім беру мен күнделікті өмірдегі маңызы кеңінен түсіндіріліп, заманауи цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері таныстырылды. Сондай-ақ цифрлық қызметтерді тиімді пайдалану, киберқауіпсіздік және инновациялық шешімдер жөнінде практикалық ақпарат ұсынылды. Мұндай іс-шаралар өңірде цифрлық трансформацияны насихаттауға және тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыруға елеулі үлес қосады, - деп айта аламыз.

Цифрлық жобаларды жүзеге асыру бөлімі жастар арасында цифрлық мәдениетті дамыту, ақпараттық технологияларға қызығушылықты арттыру және заманауи дағдыларды қалыптастыру мақсатында киберспорт бағытындағы іс-шараларды ұйымдастырады. «Uralsk Open Cup 2025 - Counter Strike 2» киберспорт чемпионаты жастар үшін маңызды жарыс алаңына айналды. Аталған турнир командалық жұмыс, стратегиялық ойлау және жылдам шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Чемпионат барысында «SHERKESH» командасы жеңімпаз атанды. Мұндай дода жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, цифрлық мәдениетті қалыптастыру, киберспортты өңірде дамыту мақсатында өткізілді. Сонымен қатар орталық жергілікті IT компаниялармен және бейінді ұйымдармен тығыз ынтымақтастық орнатты. Атап айтқанда, «Torus» IT компаниясымен және БҚО цифрлық технологиялар басқармасымен бірлесіп, қаланың интерактивті 3D картасы әзірленіп, қолданысқа енгізілді. Бұл жобалар өңірдегі цифрлық инфрақұрылымды дамытуға және ақпараттың қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық жобаларды жүзеге асыру бөлімі қоғамдық және білім беру бағытындағы іс-шараларды ұйымдастыруға белсене атсалысады. Өткен жылы Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Қазақстан балалары» республикалық күндері аясында «Кибер Тұмар» атты іс-шара өткізілді. Шара барысында «Киберқауіпсіздік» тақырыбында шеберлік сабағы ұйымдастырылды. Онда балалардың цифрлық сауаттылығы мен интернеттегі қауіпсіз мінез-құлқына ерекше назар аударылды.

Орал қаласында «Batys Hub» және облыстық цифрлық технологиялар басқармасының қолдауымен студенттер мен жас стартапшыларға арналған «Pizza Pitch» стартап-жобалар байқауы өткізілді. Оған қатысушылар өздерінің инновациялық идеяларын ұсынып, сарапшылармен, инвесторлармен байланыс орнатты. Бұл байқау жастардың кәсіпкерлік белсенділігін арттыруға және инновациялық ойлау қабілетін дамытуға бағытталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялағаны мәлім. Цифрлық елге айналу мақсат етіп қана қоймай, сол стратегиялық жоспарды орындауға нақты қадамдар жасалуда. «Ақпараттық технологиялар орталығы» мекемесі Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын басшылыққа ала отырып, жасанды интеллект және цифрлық даму саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға атсалысуда. Өңірде жасанды интеллект технологияларын енгізу, деректерді талдау және цифрлық шешімдерді қолдану арқылы басқару процестерін оңтайландыруға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылуда. Заманауи цифрлық шешімдерді енгізуге, мемлекеттік цифрлық бастамаларды тиімді іске асыруға және тұрғындар үшін қауіпсіз, қолайлы әрі сапалы цифрлық ортаны қалыптастыруға бағытталған ауқымды жұмыстар қолға алынды. Экономикасы, әлеуеті дамыған елдер секілді Қазақстанда да цифрлық жүйеге ауысып, өндірістің дамуы, халықтың әлауқатын жақсарту жолында еңбектене береміз.

- Сұхбатыңызға рақмет. Цифрлық елге айналу жолындағы еңбектеріңіз табысты болсын.

Гүлбаршын ӘЖІГЕРЕЕВА, «Орал өңірі»



12 сәуір - Ғылым қызметкерлерінің күні

Ғылым Қаныш Сәтпаев Англияға жасаған сапарында Ұлыбританияның Премьер-министрі Уинстон Черчилль біздің алып денелі, жазық мандайлы Қанекенді (Қаныш Сәтпаевты) көріп: «Барлық қазақ сіз сияқты ұзын әрі биік пе?!» деп сұраған. Сонда академик: «Жоқ, қазақтардың ішіндегі ең кішісі мен, менің халқым менен де биік» деп жауап қайтарған. Бұл - үлкен жүректен ғана шығатын сөз.

Қазір шетелде білім сапарында жүрген жымпитылық физик-ғалым Нұрхат Жакиевті көрген адам ең әуелі бойы туралы сұрайтын шығар деп ойлаймын. Еңселі, екі метр бойына сойы жарасқан ағамыз қазір АҚШ-тың әйгілі Гарвард университетінің қабырғасында білім алып жүр. Арқасында рюкзак қана емес, елдің аманаты барын сезеді. Нұрхаттың тұрғұласы Қаныш ағамызға қатты ұқсайды, ал арман-мұраты тіпті де аумайды.

Оқымысты жерлесімізбен аз-кем тілдесіп, білім сапары, шетелдегі оқу мәдениеті туралы сұрадық.

Нұрхат ЖАКИЕВ, физик-ғалым:

«Гарвардтағы дәрістерден елге алып келер дүние көп»

- Біз сізді елордада деп жүрсек, сіз мұхит асып кетіпсіз. Шетелге жиі шығатыныңызды білеміз, бірақ бұл жолғы сапардың салмағы бөлек секілді. «Болашақтың» ұшырған қыранын Америка Құрама Штаттары қалай қарсы алды?

- АҚШ - өзімнің саналы таңдауым. 2024 жылдың қарашасында Гарвард университеті ұсынған білім бағдарламаларының іріктеу кезеңінен өтіп, ғылыми тағылымдамаға шақырту алдым. 2025 жылдың наурызында тәуекел деп «Болашақ» бағдарламасына құжат тапсырдым. Сол аралықта, маусымтамыз айларында Германиядағы Дортмунд университетінде DAAD бағдарламасымен ғылыми тағылымдамада болған едім. Жаңартылатын энергия көздерін темиржол жүйесіне интеграциялаудың оңтайлы жолын зерттеу жобасына атсалыстым.

- «Болашақ» бағдарламасының хабары қай кезде келді?

- Сүйінші жаңалықты Дортмундта жүргенде естідім. «Нұрхат мырза, сіз «Болашақ» бағдарламасының грантына ие болдыңыз!» - деген хабар қуанышқа бөледі. Мемлекет арманыңа қолдау білдірсе, керемет емес пе?! Елге келісімен құжаттарды рәсімдеу, виза жасату жұмысымен айналысып, қазан айында Гарвардтағы оқу аудиториясында отырдым.

- Қазақстаннан тек сіз бе?

- Университетте түрлі бағдарламамен басқа елдерден келген (visiting scholar) тағылымдама зерттеушілер бар. Тобымызда 20 адамбыз, олардың 3-еуі - Қазақстаннан «Болашақ» бағдарламасымен келгендер. Мен Astana IT University-нен келдім. Муслим Кассенов пен Рахметолла Закарья - Нәрікбаев университетінен келген ғалымдар. Бұл бір жылдық тағылымдама, Алла қосса, келесі жылы тамызда елге қайтамын.

Гарвард университетіндегі дәрістерден үйренеріміз, елге алып келер дүние-міз көп. Менің зерттеу тақырыбым - Орталық Азияның энергетика саласының даму жолдары. Жаңартылатын энергия көздері, сутегі мен атом энергиясын тиімді және оңтайлы жетілдіру.

- Білім алудан бос уақытта алып мемлекетпен танысып жатқан шығарсыз. Жалпы, сырттан қарағанда Қазақстан қалай көрінеді?

- Қараша айында бір апта ел астанасы Вашингтонда болдым. Үлкен конференция өтті. Бейбітшілік мәселесі талқыланды. Сондай-ақ Қазақстан Орталық Азияның геосаяси алаңында маңызды рөл бар екендігі, Ресей мен Украина, Қытай мен АҚШ, Израиль мен Палестина текетіресі сынды ахуал аясында еліміздің тәуелсіздігі, бейбіт дипломатиялық бейтараптығы ұтымды болып тұрғандығы айтылды. Ғылыми бағыттағы маңызды іс-шаралардан қалмауға тырысамын. Мен қатысқан кеңестің бірі - MRS материал зерттеушілер қоғамының жылдық отырысы.

- Қазір жұрт «Кітап пен газеттің дәурені өтті. Дамыған ел ғаламтордан ақ бәрін табады», - деп жүр. Сыртта жүрсіз ғой, дамыған елдер шынымен қағаз басылыммен қоштасты ма? Оқу мәдениетінің кенжелеуі байқала ма?

- АҚШ-тағы мен байқаған жағдайды айтайын. Бұл жақта кітапхана жүйесі жақсы дамыған. Кітап та, газет-журнал да жақсы оқылады. Кітапханаға тұтас күнін өткізем деп жоспарлы түрде келетін адам көп. Сәбиден әжелерге дейін... АҚШ өте үлкен ғой. Мен тек көргенім - Бостон, Нью-Йорк, Вашингтон шаһарлары. Ол қалалар жоғары оқу орындар көп шоғырланған, кітапханалары мен мәдени орталықтарға бай қалалар. Орталық кітапханаларда, әлемге әйгілі Вашингтонның конгресс кітапханасында, музейлерде кітап пен газет парақтаған адамдарды жиі

кездестіресіз. Күн жылы кезде баспалдақта отырып, көгалға жантайып кітап оқи береді.

- Білім жүйесінде ше? Мұғалімдер қолына газет ұстай ма?

- АҚШ-тағы жоғары оқу орындарында білімге ең бәсекеге қабілеттері, қазақша айтқанда, «қаймақтары» жиналған шығар. Бұл жақта конспекттеу әдісін бірінші курстан дағды етіп қалыптастырады. Адамы түйсікке, адам құқығына, топтық жобалық жұмыстарға және эмпатияға көңіл бөледі. Экрандағы презентацияны смартфон камерасына түсіріп алу-дан гөрі профессорлардың өзі конспект жасап, қойын дәптеріне түртіп отырады. Жазу бар жерде оқу болады. Жазу мен оқудан алыстау қауіпті. Қалам мен қағаз - өркениетті елдің қаруы.

- Кітапханаға дүкенге барғандай бара ма сонда?

- Бір Гарвардтың өзінде бірнеше кітапхана мен қор бар. Сирек кітаптар жинағы, заңнамалар залы, микроленкадағы газеттер, сандық көшірмелер, көне қолжазбалар, т. б. Айталық, АҚШ бойынша Вашингтондағы конгресс кітапханасы кітап қоры бойынша бірінші орында болса, одан кейінгі орында Гарвардтың Уиденер кітапханасы. Сырттан үш қабат болғанымен, астында тағы жеті қабат бар. Сірек-кен қағаз бен кітап. Ойлап көріңіз, үш қабатты кітапхананың бірі тек медицина тақырыбына арналған. Массачусетс технология институтының (MIT) да кітапханасы көп. Бұл нені түсіндіреді? Ақпараттың бәрі ғаламторда емес, кітапта. Қазақ «Артық білім кітапта» деп дұрыс айтқан. Даму үшін оқу керек!

- Уақыт тауып, әңгімелескеніңізге рақмет! Елге аман оралыңыз!

Сұхбаттасқан Бауыржан МҰСТАФИЕВ, Сырым ауданы



«ҒАЛЫМ БОЛУ ҮШІН ҒЫЛЫМҒА

Бала кезден ғылыми жаңалықтарға құштар болып, ілім жолына түсуді мұрат еткен жанның бірі – Бейбіт Нәсіев. Бүгінде ол – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ветеринария және агротехнология институтының профессоры. Бейбіт Нәсіевтің ғылыми еңбектері мал жайылымының жай-күйі мен жем-шөп мәселесін зерттеп, ұтымды шешімдер ұсынуға бағытталған. Ғылым қызметкерлерінің күні қарсаңында ғалыммен кездескенде өмірі мен еңбек жолы, ғылымға деген көзқарасы жөнінде жазып алуды жөн көрдік. Профессор биыл күзде асқаралы алпыс жасқа толмақ.

ҒЫЛЫМҒА ЖЕТЕЛЕГЕН ЖОЛ

1966 жылы Бөкей ордасы ауданының Саралжына ауылында өмірге келген Бейбіт Нәсіевтің Ф. Энгельс атындағы орта мектепті үздік аттестатпен аяқтаған. «Оқушы кезімнен ғылыми жаңалықтарға қызығатынымын. Ғалым болсам деген арманым сол бала кезде қалыптасты», – деп еске алды ғалым. Ауыл мектебінен қанат қаққан соң 1983 жылы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы университетіне (қазіргі Жәңгір хан атындағы БҚАТУ) өзі армандаған агрономия мамандығына оқуға түседі. Сол аралықта Кеңес армиясы қағарында әскери борышын өтеп келіп, 1990 жылы институтты қызыл дипломға бітіреді. Бейбіт Нәсіевтің айтып өткендей, сол жылдары жоғары оқу орындарында мамандарға қазақ тілінде білім беруге басымдық беріле бастады. Ол институттың ғылым бөлімінде жас маман ретінде еңбек жолын бастады.

1991-1994 жылдары Мәскеу қаласындағы В. Вильямс атындағы Бүкілресейлік мал азығы ғылыми-зерттеу институтының (күндізгі бөлім) аспирантурасына түсіп, оны үздік аяқтады. 1994 жылы ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Ресей ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының (РАСХН) корреспондент мүшесі Ю. Новоселов пен ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор А. Шпаковтың жетекшілігімен ғылыми-зерттеу институтының диссертациялық кеңесінде кандидаттық еңбегін сәтті қорғады. Ғылыми зерттеуіне



«Ресейдің күлгін топырақты орталық аймағында көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптер мен жабынды дақылдардан жоғары өнімді ақуыз агрофитоценоздарын құрастыру» мәселесі арқау болды. 2003-2006 жылдары ҚР ҰҒА академигі Р. Елешевтің жетекшілігімен Қазақ ұлттық аграрлық университетінің (топырақтану және агрохимия кафедрасы) докторантурасында білім алды. 2007 жылы ҚР ҰҒА академигі Р. Елешевтің жетекшілігімен В. Вильямс атындағы Бүкілресейлік мал азығы ғылыми-зерттеу институтының диссертациялық кеңесінде докторлық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Бұл жолғы ғылыми зерттеу еңбегі «Батыс Қазақстан жағдайында дәнді және жем-шөп дақылдарын өсіру жүйесін жетілдіруді ғылыми негіздеу» тақырыбына арналды.

Академик Бейбіт Нәсіевтің 2012 жылдан бастап қазіргі ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті жариялап отыратын грант қаржысы бойынша байқауларға қатысып келеді. Содан бері жеті ғылыми жоба ұтқан. 2021-2026 жылдары ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің конкурсы бойынша үш бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру ғылыми-техникалық бағдарламасын ұтып, ғылыми жетекшілік етіп келеді. Бөкей ордасы ауданындағы «Мирас» шаруа қожалығы мен Бәйте-рек ауданындағы «Дәуқара» шаруа қожалығында біраз зерттеу жұмысын жүргізіп, жаңа шешімдерді өндіріске енгізді.

Ғалым 12 монография даярлап, халықаралық Web of Science, Scopus және Agris базаларында 370-тен астам ғылыми мақала жариялады. Бір патент және сегіз пайдалы модель патентін алды.



«ЖАЙЫЛЫМ ЖАЙЫ АЛАҢДАТАДЫ»

Жоғарыда айтып өткендей, академиктің ғылыми жұмысы жайылымды жақсартуға, малазықтық дақылдарды өсіруге бағытталған. Осы орайда ғалымға «Бүгінде өңірдегі жайылымдардың жай-күйі қандай? Шаруалар оларды тиімді пайдаланып жүр ме? Жайылымды қалай пайдалану керек?» деген сауалдарды қойдық.

– Бүгінгі таңда Қазақстанда 183,4 млн гектар жайылым алқабы болса, оның қолданыстағы көлемі – 82,4 млн гектар. Соңғы жылдары жер жүзіндегі, соның ішінде Қазақстан-

терінен алынған ғарыштық суреттерді пайдалана отырып жүргізген зерттеулеріміз облыс жайылымдарының 35-40%-ға жуығы тозу үдерісінің 1-4 сатыларында екенін анықтады. Ал тозудың ең күрделі 4-сатысында мал жайылымдары таптала бастайды. Сәйкесінше мұндай жерде өсімдіктер жамылғысының сапасы да тозады. Соның ішінде изен, еркекшөп, бетеге, қоңырбас секілді малға қажетті құнарлы өсімдіктердің саны да азайып, өнімділігі де төмендейді. Осы деректердің өзі де шаруалардың жайылымға деген көзқарасын және оны ұтымды пайдалану мәдениеті қандай деңгейде екенін айқындайды.

“ Мал шаруашылығын өрістетудегі тиімді шешімнің бірі – ауыспалы жайылым. Бұл – шұрайлы жерді тоздырмай, өнімділігі мен сапасын арттыру үшін мал жаюды жүйелі түрде алмастырып, пайдалану әдісі. ”

дағы жайылымдардың тозуы белең алып отыр. Еліміз бойынша жайылымдардың 40-60%-ы әр түрлі деңгейде тозу сатысында тұр. Ал 27 млн гектары қатты тапталған. Батыс Қазақстан облысында ауыл шаруашылығы мақсатында пайдалануға берілген 6,2 млн гектардан астам жайылым алқаптары бар. Жер серік-

Біздің ғылыми тұжырымдарымыз бойынша жайылымдардың тозуының басты себебі – мал санының шексіз өсуі немесе шаруалардың ғылыми негізделген мал жаю жүктемелерін сақтамауы. Мысалы, 1 бас ірі қараға жайылымдардың өсімдіктер жамылғысының өнімділігіне қарап 11-13 гектар, ал

қой малына 2-3 гектар алаң қажет. Алайда көп жағдайда фермерлер бұл ережені ескермейді. Әрине, жайылымдардың тозуына климаттық фактордың да үлесі бар екенін ұмытпау керек.

Шаруалардың барлығы бірдей емес, олардың арасында жайылымды тиімді пайдаланып жүргендер де баршылық. Өзісіне жауапты фермерлер ғалымдармен тығыз байланыс орнатып, ақыл-кеңес сұрап, жайылым тиімділігін арттыру бағытында жұмыс істеп жүр. Бұл ретте аудан әкімдіктерінің және облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ұйымдастырумен өткізіліп жүрген әр түрлі семинарлардың маңызы зор. Мысалы, 2024-2025 жылдары Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен осы мәселеге арналған үлкен кеңес өтті. Онда ғалымдар шаруаларға жайылымдарды ұтымды пайдалануға, мал жаю технологиясына байланысты таныстырылым жасап, кеңестер берді, – деді Бейбіт Нәсіевтің.

Ғалым айтып өткендей, мал бағу зор жауапкершілікті, ғылыми-өндірістік білімді талап етеді. Малдан сапалы, мол өнім алу, оның саулығы мен тұрақты өсімін қамтамасыз ету үшін оларды жайылымдарда жаюмен қатар, қосымша азық беріп отыру қажет. Ең алдымен, малға берілетін жем-шөп құнарлы болуы шарт. Ғылыми талаптарға сәйкес мал азығының 1 келі құрғақ затында кем дегенде 10,5-11 МДж алмаспалы энергия және 18-23% шикі протеин болуы керек. Бұл жағдайда азық құнарлы немесе қоректік заттар құрамы бойынша теңгерілген болып есептеледі.

– Бүгінгі таңда шаруашылықтарда көп жағдайда малға құнарлылығы төмен жем-шөп беріледі. Осыған байланысты мал азығының жетіспеушілігі 30-40%-ға дейін артады. Аграрлық ғылымның да басты мақсаты – малға құнарлы азық беру үшін зерттеулер жүргізу. Ал құнарлы азық алу үшін көптеген ғылыми негізделген тәсіл бар. Оларға құнарлылығы жоғары малазықтық дақылдардың агрофитоценоздарын*, жасыл конвейерлерін* құрастыру, малазықтық дақылдардың жаңа жоғары өнімді сұрыптарын пайдалану жатады, – деп түсіндірді Бейбіт Нәсіевтің.



ДЕГЕН ЫНТА-ЫҚЫЛАС КЕРЕК»

Мал шаруашылығын өрістетудегі тиімді шешімнің бірі – ауыспалы жайылым. Бұл – шұрайлы жерді тоздырмай, өнімділігі мен сапасын арттыру үшін мал жаюды жүйелі түрде алмастырып, пайдалану әдісі. Оны ұтымды пайдалану үшін мал өрісін бірнеше телімге бөліп, малды кезең-кезеңмен жаю, мал басын жайылымның азықтық қорына қарай реттеу қажет. Ауыл шаруашылығы ғылымдары докторының айтуынша, бастысы, өрістегі телімдерді маусымдарда кезең-кезеңмен ауыстыра пайдаланып, оларға тынығуға мүмкіндік берген жөн. Сол кезде ол жердегі пайдалы өсімдіктер нәр жинап, қайтадан қаулап өседі. Ауыспалы жайылым топырақтың да жақсаруына зор мүмкіндік береді.

– Соңғы жылдары біздің жүргізген зерттеу деректерімізге сәйкес ауыспалы жайылымда жалпы проективтік жамылғы 65-85% аралығында тіркеліп, бағалы астық тұқымдас өсімдіктердің үлесі 30-62%-ды құрады. Жусан туысына жататын *Artemisia lericiana* және *Artemisia austriaca* түрлерінің үлесі жайылым жүктемесіне байланысты 12-20% аралығында өзгерді. Қарқынды пайдаланылатын учаскелерде жусанның ең жоғары үлесі (20%) байқалды, ал жайылымдық жүктеме азайған жағдайда бұл көрсеткіш 12-18%-ға дейін төмендеді. Жусан – оңтүстік аудандарда-

ғы жайылымдарда ең көп кездесетін негізгі өсімдік. Ауыспалы жайылымдарды пайдаланғанда жасыл масса арқылы жиналған алмасу энергиясы 0,83-2,37 ГДж/га деңгейінде болды. Ал тынығу кезеңінсіз қарқынды жайылым технологиясында бұл көрсеткіш маусымдық пайдалану нұсқаларымен салыстырғанда 0,61-1,46 ГДж/га-ға төмендеп, тиісінше 42,36-63,76% азайған, – деді профессор.

«ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫС ҚЫЗЫҚ ӘРІ ҚИЫН»

– Қай ғалым үшін де ғылыми жұмыстың үздігі немесе жақсы не жаманы жоқ деп есептеймін. Мен үшін барлық ғылыми жұмыстың қызығы мен қиындығы бар. Ғылым жүйесінде жұмыс істеу қиын емес деп ойлаймын. Ең алдымен, адам бұл жұмысты шын жүрегімен қалауы тиіс немесе осы істің нағыз жанкүйері болуы шарт. Егер сіздің болмысыңыз, жүрегіңіз қаламаса, онда ғылымды алып жүру, ғылыми жетістіктерге жету өте қиын. Яғни ғылымға деген ынта-ықылас болу керек деп ойлаймын. Ғылымға белсене араласу үшін оған жасалатын жағдайдың да маңызы зор. Кейінгі жылдары елімізде ғылымды дамытуға үлкен көңіл, қомақты қаражат бөлініп келеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда ғылымды қаржыландыру рекордтық деңгейде – 261,5 млрд



теңгеге жетіп, соңғы бес жылда үш есеге артты. Негізгі көлем (81,5%) республикалық бюджеттен қамтамасыз етіледі. Мұндай қолдау-көмек соңғы жылдары жастардың ғылымға деген көзқарасын өзгертті. Біздің университетте де болашағынан зор үміт күттіретін талантты жас ғалымдар баршылық, – деген ғалым өзінің ізін басқан жастарға зор сенім артып отыр.

Мәселен, Бейбіт Нәсиұлының ғылыми-педагогикалық бағытта еңбек еткен жылдары мал азығы және жайылым шаруашылығы бағытында қалыптасқан ғылыми мектебі бар. Соңғы үш жылда ғалымның жетекшілігімен бес жас PhD докторы, 50-ден астам ғылым магистрі даярланды. Шәкірттері – жас ғалымдар Н. Жаңаталапов, А. Беккалиев былтыр қауымдастырылған профессор атағын алды. М. Хиясов, А. Берекетова, А. Дукеева докторлық диссертацияларын сәтті қорғап, қазір орындалып жатқан ғылыми жобалар мен бағдарламаларға белсенді араласуда. Ол осы нәтижелерге қарап, жастардың ауыл шаруашылығы ғылымына қызығушылығы мен оң көзқарасын аңғаруға болады дейді.

– Ғылыми-педагогикалық еңбек үнемі ізденісті, өмір бойы білімді дамытуды талап етеді. Бүгінгі таңда барлық саладағы бәсекелестік ғылыми ортада да баршылық. Осы тұрғыда талмай еңбек еткен ғалым ғана бәсекеден сүрінбей, сұранысқа ие бола алады. Тек еңбек қана адамды шыңдайды. Еңбек пен ізденістің нәтижесінде мен 2009 және 2015 жылдары «ҚР ЖОО-ның

үздік оқытушысы» атағына ие болдым, биыл да осы конкурсқа қатысу жоспарымда бар, – деді Бейбіт Нәсиұлы.

Айта кету керек, биыл қаңтар айында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Алматы қаласында «Жоғары білім және ғылым: цифрландыру және жасанды интеллект жылы» тақырыбындағы кеңейтілген алқа отырысын өткізді. Іс-шара аясында республика бойынша үздік 34 жобаның көрмесін ұйымдастырды. Осы көрмеге үздік ғылыми жоба ретінде 2023-2025 жылдары Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-да Бейбіт Нәсиұлының жетекшілігімен жүргізілген ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің «Қазақстанның малазықтық алқаптарында тұрақты басқару контекстінде жем-шөп дайындау технологиялары мен тәсілдерін жасақтау» ғылыми-техникалық бағдарламасы іріктеліп алынды. Бағдарламаның ғылыми нәтижелері министр Нұрбек Саясат мырзаға, сонымен қатар көрмеге қатысушыларға жақын таныстырылды. Бұл ауқымды зерттеулерді қамтитын үлкен бағдарламаға өзге облыстардағы тоғыз жоғары оқу орны мен ғылыми мекемелердің беделді ғалымдары қатысқан. Олар республиканың әртүрлі табиғи-климаттық аймақтарында жем-шөп дайындау технологиялары мен тәсілдерін зерттеді.

Жасыл конвейер* – жайылым кезеңінде (көктемнен күздің соңына дейін) ауыл шаруашылығы жануарларын жаңа жасыл құнарлы азықпен үздіксіз қамтамасыз ету жүйесі. Ол үшін түрлі уақытта пісетін сан алуан дақылдарды (қара бидай, шөптер, жүгері) ұдайы пайдаланады.

Саналы өмірін ғылым-білімге арнап, ауыл шаруашылығының өркендеуіне үлес қосып келе жатқан Бейбіт Нәсиұлы: «Ғалымдарда бос уақыт мүлде болмайды» дейді. Ал негізгі хоббиі – әдеби кітап оқу. Зайыбы Гүлмира Хамитқызы екеуінің көзінің ағы мен қарасындай ұл-қызы да білімді. Қызы Диана Біріккен Араб Әмірліктеріндегі Дубай қаласында халықаралық компанияда жетекші маман болса, ұлы Еркебұлан – аудармашы.

Ясипа РАБАЕВА,
«Орал өңірі»

Суреттер
Бейбіт Нәсиұлының
жеке мұрағатынан
алынды

Агрофитоценоз* – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін қолдан жасалған өсімдіктер қауымдастығы (малазықтық және т. б. дақылдар). Бір жерге шоғырланған әртүрлі өсімдіктер агротехникалық шаралардың (топырақты өңдеу, тыңайтқыштар) көмегімен ғана өседі.





Бес жылды безбендегенде

Бүгін Батыс Қазақстан облысы ардагерлер ұйымының IX есеп беру конференциясы оздырылып жатыр. Еліміздегі оның құрылу тарихына азғантай шолу жасасақ, ол - 1987 жылы 21 наурызда Алматыда Абай атындағы опера және балет театрында ардагерлер құрылтайы өтіп, тұңғыш рет республикалық «Ардагер ұйымы» қоғамдық бірлестігі құрылған болатын. Көп уақыт өтпей «Ардагерлер туралы» заң қабылданды. Бұйырғанда, келесі жылы республикалық қоғамдық бірлестіктің құрылғанына 40 жыл толмақшы.

Батыс Қазақстан облысы ардагерлер ұйымы 12 аудандық, қалалық және облыстық басқармалар ардагерлер ұйымының жұмыстарын біріктіреді, олардың қызметтерін бағыттап отырады. Аталмыш ұйымның тізгінін осыдан бес жыл бұрын есім-сойы Ақжайық өңіріне жақсы таныс, қоғамдық жұмыстардың ылғи ортасында жүретін белсенді қайраткер Мақсот Берген ұстаған еді. Бүгінгі басқосу сол өткен бес жылда облыстық ұйым не бітірді, өзінің қызмет аясында қандай жетістіктер мен биіктіктерді бағындырды, алда тұрған міндеттер, оларды шешудің жолдары қандай, соны саралау десе болғандай.

Осыдан бес жыл бұрын облыстық ұйымның өзіне басыбайлы, қолайлы ғимараты, жұмыс орны болмай, ардагерлердің қиналып жүргені есте қалып қойыпты. Әртүрлі шаралар, басқосулар, айтулы ардагерлердің мерейтойларын өткізуге қажетті қаражат, штаттық кесте, қызметкерлерге төленетін қаражат қиындығы Мақсот Бергеннің күндіз ойынан, түнде түсінен шықпағаны да рас. Енді оған бүгінгі күннің биігімен келсек, қазір ардагерлер ұйымының хал-жағдайы ханға сәлем бергендей. Қаланың кіндік ортасынан жайлы ғимарат кең бөлмелерімен, жиназ, компьютерлік құралдарымен басыбайлы бұйырды. Қаражат мәселесі де шешімін тапты. Сөйтп,

бүгінде қариялардың осынау «бас штабы» ардагерлердің күнделікті бас қосып отыратын, қадірлі шаңырағына айналған. Әрине, оған ұйым төрағасының жарғақ құлағы жастыққа тимей, белсенділігінің арқасында қол жеткендігінде ешкімнің таласы бола қоймас. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мақсот Берген бүй дейді:

– Әр ұйымның мақсат-мұраты болады. Ол - облыстағы ардагерлеріміздің, зейнеткерлеріміздің құқықтары мен бостандықтарын қорғау, олардың лайықты әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын қамтамасыз ету. Сондай-ақ ұйымымыз, ең алдымен, қоғамның бірлігін, келісімі мен тұрақтылығын нығайтуға әрқаз атсалысып келеді. Бүгінгі облыстық кон-

ференция делегаттарының дені - төрге шықса төбедей, төбеге шықса төредей, тентегін тезге салатын, адасқанын көшке қосатын, алашқа ақыл айтатын, жұртқа жол көрсетіп, басшыға бағыт сілтейтін, жүзге бөліп алалауды білмейтін, өмірінде құлқынның құлы болмаған, саналы ғұмырында халқының ұлы болған Ақжайық өңірінің сыйлы ардагерлері.

Мемлекет басшысы аға буынға ерекше сенім артып отыр. Сенім жүгі қашанда салмақты. Ардагерлер әрдайым өткен өнегесімен құнды. Еткен еңбектің, төккен тердің аржағында ардагерлердің, әжелердің зор үлесі тұр. Өзіміз өмір сүріп, өзіміз жұмыс жасаған осы облыста талай тарланбоздармен жүрдік, қатар қызмет атқардық. Заманымыздың қиындығы мен қызығын бірге көрдік, қазір бәрімізде ардагер деген атқа ие болдық.

Мен олардың зейнеткерлеріміз деп үйде, пештің түбінде жатып алмай, қоғамдық жұмысқа белсене араласып жүргендеріне алғысым мен рақметімді қатар жолдар едім.

* * *

Иә, төраға дұрыс айтты, кезінде талай игі істердің бастамашысы болып, халықтың алдында, елдің назарында жүріп, зор абырой жинап, зейнеткерлікке шыққан айтулы ақсақалдар Ақжайық өңірінде баршылық. Міне, сол аяулы да ардақты жандар өсіп келе жатқан ұрпақты, жастарды ұлттық дәстүрге тәрбиелеуге, ата-бабаның батырлық, жауынгерлік қасиеттерін қадірлеуге, сөйтіп, елсүйерлікке (патриотизмге), елін сүйетін сезім қалыптастыруға, жан-жақты қатыстыруға үлес қосуды өздерінің биік мұраттары санайды.

Ұйым төрағасы әу баста мемлекеттік құрылымдармен, басқа да облыстық, аудандық ардагерлік қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыс орнатуды алдына бірінші міндет етіп қойды. Бес жылдың жұмысын саралаған басқосу облыс көлеміндегі ардагер ұйымдарының, соның ішінде облыстық басқармалардағы, аудандардағы ардагерлер ұйымдарына жаңа серпіліс беріп, олардың жұмыстарын жандандыруды көздейтіні айдан анық. Ардагерлер ұйымының белсенді ақсақалдары жер-жерде

қоғамдық бақылау іс-шараларына, ұйымдастыру жұмыстарына белсенді қатысып жүр.

Дегенмен қариялар тайлы-таяғы қалмай жастар тәрбиесіне ат салысып жүр деуге әлі ертерек болар. Сондықтан бұл бағытта алда атқарылар шаруалардың нобайы белгіленген, міндет-мақсат айқын. Оны енді әрі қарай жүзеге асыру - ақсақалдардың қажыр-қайратына серт. Қандай ірілі-ұсақты жұмыс болмасын, оны бастау, әрі қарай алып кету - қиынның қиыны. Бірақ найқалуға, асықпай қимылдауға уақыт тапшы. ХХІ ғасыр - кейін қалғандарды іздемейтін, кенже қалғандарды көзге ілмейтін қатал ғасыр. Сондықтан әуелден «Асықпаған арбамен қоян аладыға» малданып қалған біз үшін жайбарқат қозғалу зор қауіппен тең. Асығу керек, алға ұмтылу керек. Жастардың әртүрлі діни ағымдардың буына елтіп, алтын уақыттарын қор етпей, терең білім алуға, озық технологияны игеруге үндеу, сол бағытта тәрбиелеу де ақсақалдардың абзал арманына айналуы қажет. Төраға осылай ой тербеп, әңгімесін әрі қарай жалғады:

– Ал енді қариялық дәуренге келіп, бұл жаста, біз-





2025 жылы өткен
облыстық батагөйлер
байқауынан

дер, ақсақалдар не бітіре аламыз деген сұраққа жауап іздеп көрейік, – дейді Мақсот Қабышұлы.

– АҚШ-та адамның шығармашылық қабілетінің ең өнімді кезеңіне қатысты үлкен зерттеу жұмыстары жүргізілген екен. Оның нәтижесі төмендегідей болған:

– Адамның шығармашылық қабілетінің ең өнімді кезеңі – 60 пен 70 жастың аралығы болып табылады екен;

– Екінші кезектегі ең өнімді кезең – 70 пен 80 жас аралығы. Осы жасқа дейін әр адам өзінің шығармашылық шыңына толық жете бермейтін көрінеді.

Дәрігерлер мен психологтар командасының бұл зерттеу жұмыстары АҚШ-тың медицина журналында жарияланған болатын. Олар өздерінің эмоционалдық және ақыл-ой әлеуетінің шырқау шыңы 60 жаста басталып, ол 80 жасқа дейін жалғасатынын байқаған. Демек, бізге 60, 70, 80-ге келгенімізден қорқудың ешқандай орайы жоқ. Сондықтан ақсақалдарымызға, сіздер өміріңіздің ең бір жарқын кезеңдерін өткізіп жатқаныңызды түсінуге тиіссіз дер едім.

Ұлттың мықты болуы ұл-қыздарымыздың жаппай мықты болуына байланысты. Мәселен, жастар арасында белең алған лудомания, нашақорлық, діни фанатизм, хейтерлер (адамды мазақ қылып, даттаушылар) жайлы қадап айтқым келеді. Осынау жағымсыз, адам болашағына балта шабар әрекеттерге ардагерлер де қарсы тұрып, өздері жүрген ортада тәрбиелік жұмыстар жүргізуде белсенділік танытулары керек. Жүрген жерімде талмай айтып жүремін, біздер, ақсақалдар, қазақтың рухын, намысын сақтауымыз қажет. Жастарды елсүйерлікке баулып, оларға қазақтың салт-дәстүрлерін үйрету – бізге ұлы міндет. Сондықтан ардагерлер ұйымының ең басты мақсаттарының бірі – жастармен қоян-қолтық жұмыс жасау.

Менің облыстық «Ардагерлер ұйымының» төрағасы болып сайланғаным бес жыл болыпты. Осы уақытта адам таңғаларлықтай жұмыстарды бітіріп тастадық деуден мүлдем аулақпын. Дегенмен соңымызға қайырылып қарасақ, біраз шырайлы шаруалар мен іс-шараларды жүзеге асырыппыз. Облысымызда 94 мың 444 зейнеткер бар болса, солардың 53 мың 887-сі – біздің ардагерлер ұйымында мүше. Жер-жерде 379 бастауыш ұйымымыз бар. Ардагерлерді әлеуметтік қорғау жағынан бірқатар шаралар атқарылып келеді. Соның бастысы – ардагерлерімізге материалдық және әлеуметтік қолдау көрсету. Республикалық бюджеттен төленетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақайдан басқа, жергілікті өкілетті құрылымдардың шешімдеріне сәйкес, жергілікті бюджет есебінен атаулы және мерекелік күндерге төленетін біржолғы әлеуметтік көмек және коммуналдық шығындарды өтеу үшін төленетін ай сайынғы әлеуметтік көмектер қарастырылды. Халықтың әлеуметтік қорғалатын тобына жататын азаматтарға қамқорлық көрсету, олардың жағдайларына көңіл бөлу мақсатында әр жылдың 1 қазаны мен 1 қарашасы аралығында «Мейірбандық күндері» облыстық қайырымдылық айлығын өткізу дәстүрге айналды.

Облыс бойынша Ұлы Отан соғысына қатысқан алты ардагеріміз, Құдайға шүкір, ортамызда. Тыл ардагері 2096 адамды құрайды. Салауатты өмір салтын ардагерлер арасында қалыптастыруды әу бастан, осы ұйымға төраға болып келген күннен бастап қолға алғанмын. Яғни осы бес жыл ішінде бес дүркін облыстық спартакиада өткізіппіз. Ол, әрине, әуелі ауылдарда, сосын аудандарда, қалада өтеді ғой. Оның жеңімпаздары облыстық жарыстарға жолданады. Міне, сол жарыстарға 200-дің үстінде ардагер қатысты. Спорттың бес түрінен, соңғы кезде

7 түрінен жарыс тұрақты өтіп келеді. Қариялар спорт алаңдарында қажыр-қайраттарын көрсетіп жатса, жастарымыздың намысы оянады деген ниет қой. Бұл жарыстарға «Интеграл» серіктестігі тұрақты демеушілік жасап келеді. Жұлделі орындарға қомақты қаржылар тігіледі. 80-90-100 жастың биігіне шығып жатқандарды құрметтеу, иықтарына шапан жауып, сый-сияпат көрсету осы бес жылда талай рет атқарылды. Бұл бұрын болмаған еді.

Жыл сайын бата сайысын оздыру да біздің тұрақты атқарып келе жатқан ұлағатты іс-шараларымыздың ең маңыздысына айналды. «Алдына сақалы, аузынан мақалы мен батасы төгілетін» ақсақалдар сонау ықылым заманда болған ғой. Кеңестік тәрбие кезінде оған мән бермеу, қолдама белең алғаны белгілі. Біз сол бабалар дәстүрін жандандыруға жанымызды салдық. Басқа ұлттар мен халықтарда кездеспейтін осынау халқымыздың жауһарын ұмытпай тірілту, заман-уақыт ағымына қарай бейімдеп, келер ұрпаққа табыстау біздің ең бір қасиетті борышымызға айналуы керек деп іске кірістік. Құдайға шүкір, бата сайысы жыл сайын өтіп, батагөйлер қатары көбейіп келеді. Әдетте батаны ел-жұрт алдында абыройлы, ниеті түзу, пиғылы ақ, сөзге шешен әрі шебер, ойға ұста адамдар береді. Ондай жандардың берген батасы киелі, құдіретті деп саналған. Енді бір қуантарлығы – Ақжайық өңірінде батагөй қариялардың қатарына жастарымыздың ұмтылғаны. Нақтылай айтсам, батагөйлердің арасында қариялармен қатар жастардың да барлығы – біздің сол ниетіміздің оңынан шыққанына мықты дәлел.

Өткен жылы Ұлы Жеңістің 80 жылдығына ардагерлеріміз арнайы концерттік бағдарламалар әзірлеп, майдан әндерін шырқап, мерейімізді аспандатты. Бұрын Орал қаласында ардагерлер ұйымы болмаған еді, болса да аты ғана бол-

ды. Біз ол ұйымды бүгінде қалалық ардагерлердің іргелі ұйымына айналдырдық деп айта аламыз.

Алдыңғы жылы Ақжайық өңіріне үлкен сынақ болған тасқын су халықты үлкен әбігерге салғаны белгілі. Халық табиғат апатына қарсы тұрды. Облыс басшысынан бастап, етікпен су кешіп, күндіз-түні қорғаныс жұмыстарының алғы шебінде жүрді. Ел басына сын туған мұндай кезде ардагерлеріміз де үйлерінде тыныш жата алмады. Олар да қолдарынан келген көмектерін аянып қалмай, тасқынмен арпалысып жатқан жандардың арасынан табылды. Біз өзіміздің ғимарат орналасқан жерден гуманитарлық көмекті қабылдайтын орын аштық. Ол жерде күндіз-түні еліміздің түкпір-түкпірінен келіп жатқан керуендерді қарсы алып, оларды тасқыннан зардап шеккендерге бөліп беріп отырдық. Сол кездерде түні бойы, таң атқанша кірпік ілмей, жан-жақтан келген 40 тонналық көліктердің жүктерін түсіріп алғанымыз есімде. Мен сол кезде жастарымызға, студенттерге қатты риза болдым. Олар бізге көп көмек көрсетті.

Аудандардағы ұйымдарымыз туралы бірер сөз. Сонау бір қиырда жатқан Жәнібек аудандық ардагерлер ұйымы туралы баса айтқым келеді. Кезінде талай басшылық қызметтерде болып, абыройлы қызметімен ел құрметіне бөленген Уәлиев Аманкелді ағамыз басқаратын аудандық ардагерлер ұйымы қай жағынан да мақтауға тұрарлық. Өз алдарына ғимарат алып, оны аудан ақсақалдарының ұядай үйіне айналдырған Аманкелді ағамыз сол Жәнібектің «тірі архиві» десек, еш артық айтпағанымыз. Бүгінде ардагерлер үйінің есігі жабылмайды, ол қариялардың екінші шаңырағына айналған. Қай уақытта барсаңыз да, онда ақсақалдар алдыңыздан шығады. Дойбы, шахмат ойнап, бір шетте сырнай сызылтып, ән шырқауға, бильярд ойнауға, мерзімдік басылымдар-

ды оқуға барлық жағдай туғызылған. Арнайы бөлінген дәрігер қариялардың денсаулықтарын да осы жерде тексеріп отырады. Қысқа қайырып айтқанда, аудандық ұйым жұмысын дөңгелетіп отыр. Біз бұйыртса, осы Жәнібек аудандық ардагерлер ұйымында республикалық семинар өткізуді жоспарлап отырмыз. Ашығын айтқанда, олардың жұмыс тәжірибесін өзіміздің облыс қана емес, республика көлеміне үлгі етіп таратпақшымыз. Оны кезінде сонау Астанадан келіп, Жәнібекке арнайы барып, жұмысымен танысқан Республикалық ардагерлер ұйымының төрағасы өзі айтып кеткен еді. Жұмысы жақсы жүріп жатқан Казталов аудандық ардагерлер ұйымын да жоғары бағалауымыз керек. Олар өз ауылдарындағы ардагерлердің бастауыш ұйымдарымен жұмысты жақсы жолға қоюларымен ерекшеленіп келеді. Сондай-ақ аудандық ұйымның жұмысының оңтайлы, нәтижелі жүруіне аудандық әкімдіктің зор қолдау, тұрақты көмек-қамқорлық көрсетіп отырғанын айта кеткеніміз жөн.

Ал осы жерде әлі күнге дейін ардагерлер ұйымының жұмысын мандытпай отырған аудандардың да бар екенін жасыруға болмайды. Мысалы, Теректі, Бәйтерек аудандарында ардагерлер ұйымы бар деген аты ғана. Сонымен қатар облыстық басқармалар мен ұйымдардың, мекемелердің ардагерлер ұйымдары жұмыстарын жандандырып кете алмай отыр.

Енді осы айтқандарымды түйіндесем, «Талға су бермеген, жасқа рух бермеген – көгермейді» деген тәмсіл бар. Біздер қариялар жастарымыздың бойына елсүйерлік, ұлттық қасиеттерді сіңірумен қатар, азаматтық рух беруді бір сөтке де есімізден шығармауымыз керек, – деп облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Мақсот Берген әңгімесін тамамдады.

**Есенжол
ҚЫСТАУБАЕВ,
«Орал өңірі»**



Сыз
басқан үй,

СЫЗ ҚАҒАН КӨҢІЛ




2024 жылы Сырым ауданында су тасқыны болды. Бұлдырты, Жымпиты ауылдары бойынша тұтас көшелер суға кетті. Талайдың баспанасын тасқын қиратты. Үкімет дереу үй соғуға кірісті. Жүзден аса жаңа баспана салынды. Жағалай қоныстой болып халықтың мәресіре болып жатқаны күні кеше сияқты еді.

Құрылысқа «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры қолдау білдірді. Кейін халық ілтипаты ретінде Өлеңтідегі су жаңа төрт көшеге қордың аты берілді. Бүгін Өлеңтідегі «Қазақстан халқына» шағынауданындағы қызыл үйлердің тұрғындары баспаналарының сапасыз салынғанын айтып, билікке базына білдірде. Үйлер бірінші қыстың «сынағына» төтеп бере алмаған. Терезенің жақтауынан жел гулеп, төбенің жабыны жұқа болғандықтан, жылу тұрмаған. Қабырға көгерген.

Биылғы қыс «қызылүйліктерге» тағы да тосын сынағын тосты. Көгерген қабырға, дымқыл ауа балаларды ауру қылған. Ақдала көшесіндегі №20 үйдің тұрғыны, көпбалалы ана Татьяна Суровцеваның айтуынша, сәбилерінің бірінен кейін бірі өкпесі қабынып, ауруханаға түскен. Ақдала көшесіндегі №19 үйдің тұрғыны Балтабек Кобдиқов та сыз үйде тұрудың мүмкін еместігін, немерелерінің жиі ауырғанын айтады.

Тұрғындар үйлерінің құрылыс сапасын қайта қарауды сұрайды. Мысалы, шатырдың маңдайшасы ішке қарай қағылған. Дұрысында, тас қабырға шатырдың ішінде қалуы керек.

Аптаның басында ауыл тұрғындарының арнайы сұраныс салуымен «Қазақстан халқына» шағынауданына Сырым ауданы әкімінің орынбасары Серік Тоқмамбетов және сала мамандары, үй-



лерді салған мердігер компанияның өкілдері келді. Олар Жымпиты ауылдық округінің әкімі Мейрам Қайырғалиевпен бірге жеке-леген үйлерге кіріп, ахуалды көзбен көрді. Сыз басқан қабырға. Көңілі сынық жұрт. Ақдала көшесі №30 үйдің иелері хлорлы ерітіндімен көгерген қабырғаны сұртуден жалыққанын айтты. Бәйтерек көшесі

№30 үйдің жиегіндегі цемент қорғаныш жолағы сынған. Қорғаныш жолағының бұзылуы Ақдала көшесіндегі үйлерден де байқалып отыр. Қызыл кірпіштің сыртына ақсортаңы шығып тұрған баспаналар да бар.

Сырым аудандық сәулет, құрылыс және қала құрылысы бөлімінің басшысы Артур Искаковтың айтуынша, тұрғын үйі тұруға жарамсыз болып танылған жанұялар үшін барлығы 152 үй салын-

“ Сыз басқан қабырға. Көңілі сынық жұрт. Ақдала көшесі №30 үйдің иелері хлорлы ерітіндімен көгерген қабырғаны сұртуден жалыққанын айтты. Бәйтерек көшесі №30 үйдің жиегіндегі цемент қорғаныш жолағы сынған. Қорғаныш жолағының бұзылуы Ақдала көшесіндегі үйлерден де байқалып отыр. Қызыл кірпіштің сыртына ақсортаңы шығып тұрған баспаналар да бар. ”

ған. Соттың шешімімен биыл тағы үш тұрғынға баспана шығыны өтелмек.

Мәселе мынада, Сырым ауданындағы жаңа үйлердің дені Батыс Қазақстан облыстық құрылыс басқармасының тапсырысымен салынған. Құрылыс жобасын бекіткенде, жұмысты қадағалаған да, сәйкесінше, кепілдік талабын сұрайтын да осы мекеме. Тұрғындармен кездесуге басқарманың өкілі, бөлім басшысы Мейрам Қайыржанов және Өлеңті ауылындағы 19 үйдің құрылысын жүргізген мердігер мекеме «ПМК-615» ЖШС өндірістік-техникалық бөлімінің инженері Сағадат Шагинов қатысты.

Жаңа шағынауданның тұрғыны Қанат Кәкімовтің айтуынша, Өлеңті өзені жағасындағы кең үйі суға кетіп, үкімет ұсынған көлемі 80 шаршы метрді құрайтын баспанаға разы болған. Бірақ жаңа үйде де ескі мәселелер қарсы алдынан шыққан. Сол сыз, сол дымқыл.

Сырым ауданы әкімінің орынбасары Серік Тоқмамбетов облыстық құрылыс басқармасымен «Қазақстан халқына» шағынауданындағы әр баспанаға техникалық тексеру тағайындау бойынша уағдаласып, ал мердігерден қорытынды бойынша жұмыстануды сұрады, жоспарлы шаруаларды сәуір айының аяғына дейін аяқтауды тапсырды.

Халық билікпен бір, мердігермен екі дауласудан, біреуге бірдеңе дәлелдеуден шаршаған. Кемшіліктер көзге көрініп тұр. Үйлерін зеңнен құтқаруды, төбе жабындарын жаңартуды сұрайды. Тыңдар құлаққа әр үйдің өз мәселесі бар. Біз жалпы жағдайға шолу жасадық.

Бұл тақырыпқа әлі талай оралатын шығармыз...

Бауыржан ШИРМЕДИНҰЛЫ,
Сырым ауданы



Балталы бұзақыға қарсы тұрған...

Өткенде шаһардағы Әбілқайыр хан даңғылы бойындағы Бәйте-рек базарында бір бұзақы жұртқа балта ала жүгіріп, әлек салды. Сол сәтте Жаниха Сарисова әлгіден тайсалмай, қарсы тұрды.

Нұрым ҒҰМАР,
«Орал өңірі»



Басбұзар балта ала жүгіргенде өзгелер, әсіресе, ер-азаматтар қаша жөнелген. Сол сәтте сатушы Жаниха Сәндіғалиқызы шу шыққан тұсқа алғашқылардың бірі болып тұра ұмтылады. Куәгердің айтуынша, 40 жастың шамасындағы күдікті осы күнге дейін дүкендердегі заттарды жымқырумен айналысқан. Ал сол күні ол телефон сататын екі өзбек жігітінен әлденені сұрап, талап етіп, бопсалаған. Қойнына жасырған балтасын шығарғанда сатушы жігіттің бірі сыртқа қашып шыққан. Гу ете қалған дауысты естіген Жаниха апа оқиға орнына шұғыл жетеді.

– Оны осы базардағы сатушылар тегіс біледі. Бірде көрші бутиктен ыдыс жуатын шүберекті ұрлап кеткенін естідім. Оңайлықпен қолға түспейтін әккі ұры ғой, полицияға хабарласқан кезде ізім-ғайым жоғалып кетеді. Базар ішін аралап жүргенім көрдім. Аз уақыт өткен соң шу еткен дауысты естіп, сол жаққа жүгіре бардым. Сөйтсем, сол баяғы ұры қолындағы балтасымен өзбек жігітін қорқытып тұр екен.

Алыстан қарап тұруды жөн көрмей, жалма-жан жабыса кеттім. Маған көмектесу мақсатында өзге әйелдер де оны жұлқып, жерге құлатты. Базар күзетшісі жәрдемдесіп, аяқ-қолын скотчпен орап, полиция қызметкерлеріне табыстадық. Қанша дегенмен ер адам ғой, әйелден күші басым. Оқиға кезінде базардағы ер адамдар қорқып, бойын алыс ұстады. Талтүсте мұндай бұзақылық жасағанды алғаш көруім, – деді Жаниха апа.

Бұл оқиға базардың бейнекамерасына жазылып қалған. Бірақ әлеуметтік желіде кең тарала қоймады. Аталмыш бейнежазбаны БҚО полиция департаменті орталық аппараты ардагерлер ұйымының төрағасы Құрманғазы Алхамұлы көріп, ұйымның кеңес отырысында талқыға салады. Осылайша Құрманғазы Алхамұлы ұйымның төраға орынбасары Ерген Аймағанбетовпен бірге Жаниха Сарисованың дүкеніне арнайы барып, ақжарма тілегін жеткізіп, алғысхат табыстады. Ардагер Алхамұлы осындай ірі сауда орындарында тәртіпті қадағалау мақсатында құрылым қызметкерін кезекшілікке қою керектігін айтты.

– Жаниха қарындасымыздың осы батыл әрекеті ерлікпен пара-пар. Бұзақының суық қаруы болғанына қарамастан қайсарлығын көрсетіп, ұрының ұсталуына атсалысты. Егер ол бейтарап ұстанымда болып, қара басын ойлап, көппен бірге қарап тұрса, оқиға соңы қалай аяқталары белгісіз еді. Мен Жаниха Сәндіғалиқызын кешегі батыр апарларымыздың жалғасы деп мақтана, нық сеніммен айтар едім.

Құрылым өкілдеріне құлаққағыс. Бұл оқиға бәрімізге сабақ болуы тиіс. Қазір қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мамандандырылған күзет қызметі жұмыс істейді. Осы орайда шаһардағы үлкен сауда орындары мен базарларда құрылым қызметкерлері кезекшілікке қойылса дейміз. Сонда қоғамдық орындарда ұрлық атауы, бұзақылық сейілер еді, – деді ардагерлер ұйымының төрағасы Қ. Алхамұлы.

Жаниха Сарисованың бес перзенті бар. Жанұядағы негізгі табыс көзі – сауда саласы. Ол жарты жылға жуық осы Бәйте-рек базарындағы бутикті жалға алып, кәсібін дөңгелетіп отыр.

«Жайық» кубок бәсекесін аяқтады

Сәуірдің 8-і күні Оралдың аспанын ерекше бір толқу биледі. Өйткені сол күні жергілікті «Жайық» футбол клубы ел кубогінің 1/16 финалында азулы қарсылас «Қайрат» командасын қабылдады. Жарыс жеребесі тартылған сәттен бастап, шаһар футбол мейрамын тағатсыздана күтті. Билеттер сатылымға шыққан сәтте ғайып болды. Бұл ойынның қаншалықты маңызды екенін аңғартты.

Ойын күні орталық стадионда ине шаншар орын қалмады. Командалар жанкүйердің ыстық ықыласына бөленді. Халық түс ауа жиналып, трибуналарда толассыз гуіл, шексіз үміт, жүрек лүпілі сезіліп тұрды.

Алғашқы таймның өзі тартысқа толы болды. 26-минутта алаң иелері оң қапталдан айып добын көтеруге мүмкіндік алды. Капитандық жүгін абыроймен арқалап жүрген Бауыржан Омаров пасты айып алаңына жеткізді. Сол сәтте Тимур Мұхамеджанов көктен түскен сыйды қабылдағандай допты баспен қақпаға бағыттады. Доп торда тулап жатқанда, стадиондағы қуаныш толқыны теңіздей тасып, жанкүйерлердің дауысы аспанды жаңғыртты.

Алайда алматылықтар да аянып қалмады. Әсіресе Еуропаның назарын өзіне аударған жас талант Азамат Тұяқбаев 37-минутта есепті теңестіріп, ойын тағдырын қайтадан таразыға салды. Оның бұл добы тек гол емес, қарсыласқа жасалған ескерту еді. Оны елемесе, Тұяқбаев қателікті кешірмейтіні көрініп-ақ тұрды. Жайықтың тәжірибелі қорғаушылары алматылықтардың ша-



буылшысын айып алаңына жақындата қоймады.

Екінші тайм басталысымен «Қайраттың» бапкері тактиканы өзгертті. Ойынның бірінші бөлімінде Тұяқбаев шабуылшы рөлін атқарса, екінші таймда ортаға түсіп, қарсыласты алдап соқты. Бұл өзгеріс жемісін беріп, Азамат тағы да жарқ етіп, командасын алға шығарды. Ал уақыт сынаптай сырғып, ойын қызған шақта Евгений Петрик 73-минутта үшінші голды соғып, матчтың нүктесін қойды.

Қорытынды ысқырық үміт пен өкініштің арасын айқындаған сәт болды. «Жайық» футбол клубы лайықты қарсылық көрсеткенімен, кубоктық додадағы жолын осы жерде аяқтады. Бірақ сол күні Оралда футболдың рухы тірі екенін, жанкүйер жүрегінде алау бар екенін бүкіл ел тағы бір мәрте сезінді.

Арал БОЛПЫШҰЛЫ,
Орал қаласы

Құрметті Шыңғырлау ауданының тұрғындары!

ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК БҚО бойынша филиалы мамандарының күшімен туляремия ауруының алдын алу, кеміргіштерді және кене жою немесе санын төмендету мақсатында Шыңғырлау ауданының Ұрысай (Правда) және Жаңақұш елді мекендерінің айналасында 2026 жылдың 13-16 сәуір күндері кедергілік дезинсекция мен дератизация шаралары жүргізілетінін хабарлаймыз.

**ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАЛАРЫН
САҚТАУЛАРЫҢЫЗДЫ
СҰРАЙМЫЗ!**

ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК БҚО бойынша филиалы

Құрметті Тасқала ауданының тұрғындары!

ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК БҚО бойынша филиалы мамандарының күшімен туляремия ауруының алдын алу, кеміргіштерді және кене жою немесе санын төмендету мақсатында Тасқала ауданының Мереке елді мекенінің айналасында 2026 жылдың 17-18 сәуір күндері кедергілік дератизация шаралары жүргізілетінін хабарлаймыз.

**ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАЛАРЫН
САҚТАУЛАРЫҢЫЗДЫ
СҰРАЙМЫЗ!**

ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК БҚО бойынша филиалы





УИКИПЕДИЯДАН:

Төлеген Аршанов 1888 жылы Ақжайық ауданы Алғабас ауылында тұрған. Әкесі Тасмағанбет 6 жасынан бастап домбыра үйреткен. Мәтен, Сейтек, Дина және тағы басқа да күйшілермен кездесіп, күй үйренген. Жанақала, Жәнібек театрында істеген. 1936 жылы А. Жұбановтың шақыртуымен Алматыға барып, Құрманғазының күйлерін ұнтаспаға жаздырған. Құрманғазының әйгілі «Терісқақпай» күйін алғашқы жеткізуші. Т. Аршанов – белгілі күйші Оқап Қабиғожинның ұстазы.

Менің «Көке» кітабымның ішінде Төлеген Аршанов туралы айтылатын еді. Соғыс жылдарында Мұқамеджан Ғұмаровпен бірге Жәнібек халық театрында болған Төлеген Аршанов немістің бомбасынан қашып, Жаңақала ауданына көшірілген болатын. Бұл 1942 жылдың күз айы еді.

Бұрынғы Чапаев, қазіргі Ақжайық ауданы Алғабас ауылында тұрып, сол жерде өмірден өткен Төлеген Аршанов Оқап Қабиғожинның ұстазы болыпты. Басқа да сұрақтар қызықтырған біз сол ауылға жолға шықтық. Қасымда белгілі күйші Едіге Нәбиев бар болатын. Бұл 2012 жылдың 4 қазаны күні еді. Сол мақала 13 жылдан бері жазылмай жатқан...

Бізді сол кездегі ауыл әкімі Сағира Жұмадықова қарсылады. Ол кісі ауыл ақсақалдарын жинап қойған екен. Сол жерде әңгіме тиегі ағытылды. Тілек Нұрсұлтанов, Есенғали Имашев, Бақтығали Мұратбеков, Нәсіпқали Қаленов бұл күнде өмірде жоқ екен. Сонда әңгімеміздің ортасында болған ағалардың жатқан жерлері жарық болсын!

Алты жасынан бастап күй тартқан Төлеген Мәтен, Сейтек, Динамен кездескен. Аршановтың 1934 жылы А. Жұбановтың шақыруымен Алматыға барып, Құрманғазының күйін жаздырғаны БҚО энциклопедиясында жазылған. Менің жеке архивімде Т. Аршановтың халық теарының құрамында болып, бір рет кетіп қалып, 1950 жылы қайтып оралғаны туралы бар. Аршановтың пьесада ойнағаны туралы дерек жоқ. Ол кезде пьесаның сазын жазатын құрал болған жоқ. Яғни Аршанов спектакль жүріп жатқанда күймен көркемдеп отырған. Тихон Әліпқали құрастырған «Шамғон шыңы» атты кітапта марқұм журналист Мағжан Жұмабаев

ағамыз: «Домбырашы жыраулардың ел аралап өнер көрсету дәстүрі әлі жабыла қойған жоқ еді. Төлеген Аршанов, Сабыр Мұқатов сияқты өнерпаздар Ұялыда жиі болатын. Олар Шамғон сияқты өнерпаздарды да қасына ілестіріп жүретін» деп жазады.

Біз Төлеген Аршановтың жиені Өтепберген Төлегеновпен **(суретте)** әңгімелестік. «Төлеген Аршанов Құрманғазы, Дина



аның күйлерін тартқан. Қатарынан озған шебер күйші болған. Зәрия деген қызы полигонда тұрғанда «папа», «мама» деп жүгіріп жүрген қыз ғой, жарылыстан қорқып кетіп, тілі байланып қалған. Өмірден тілі шықпай кетті.

1958 жылы Қали Жанті-

Құрманғазының күйлерін жеткізген күйші неге елеусіз қалды?

леуов, Ғарифолла Құрманғалиев, Қадыр Мырзалиев келді. Күй тыңдап кетті... Қадыр Мырзалиев Төлеген әкемді көп зерттеді, бірақ шығармады. Жаңақалада ертерекке №24 ауыл, «Аршанның ақ қыстауы» деген болды. Сол жерде дүниеге келді. Тасмағанбет пен Аршан бірге туған. Аршан да бала болмай, сол кісіге беріп, Аршанов болып кетті. Мен кішкентайымда анамды көрмедім, жиен болам. Төлеген әкем өзі тәрбиеледі мені. Құрманғазымен рулас, Қызылғұрт болды.

1952 жылы «Май» колхозына көшіп келді Төлеген. Жалғыз ұлы Төлеш 1926 жылғы. Құрманғазының портретін жасатты қарт, соған қарап қойып, күйін тартып отыратын еді. Ол кезде кандала деген бар, портретті, домбыраның тысын кандала жеп қойып, келіні Қибат отқа жағып жіберді. Арабша жазатын, көп қағазын бізге жеткізбей, бәрін отқа жағып жіберді. Бізге де күн көрсетпеді ғой. Артында қалған жалғыз домбырасын келіні өз төркініне берді, ол күтім көрмей сынды ғой...

Ол кезде жергілікті радио Төлеген әкемнің күйін жазып алды. Бірақ соны күнде танертең Төлегеннің атын айтпай беріп жүрді. Төлеген әкем жалғыз ұлы Төлешпен қатар жатыр. Екеуінің зираты бір қоршаудың ішінде. Әкем 1963 жылы өмірден өтті. Біз шешем Дәмеш, Зәрия, Бағым қала бердік»

Құрманғазының «Бозшалақ» күйінің II түрін, «Машина» күйін Төлеген Аршанов жеткізген. 1936 жылы Құрманғазының «Қайран шешем» күйін бізге жеткізген Төлеген еді. Оны Ахмет Жұбанов жазып алған. Өте жігерлі, жалынды күй оркестрге өзгеріссіз түсті. Сол нұсқа әлі күнге айтылып келеді.

Қазақтың күйлерінің бүгінгі күнге жетуіне атақты домбырашылар Дина, Оқап Қабиғожин, Науша, Махамбет Бекейхановтар, Ғылым Хайрошев, Қали Жантілеуов, Төлеген Аршанов, Смағұл Көшекбаевтардың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

1936 жылы Меңдіғали Сүлейменов, Төлеген Аршанов және басқа да өнерпаздарды Алматыға алдырған. Жұматай күйші орындықта аяғы жерге жетпей отырғандықтан, елге кері қайтарды деген әңгіме бар. Ал Т. Аршановтың не себепті кері оралғаны белгісіз. 1936 жылы күйшілер байқауынан кейін Ахмет Жұбанов «Құрманғазының «Адай» күйін шебер орындаған бірден-бір адам – Төлеген» деп жазған «Жұлдыз» журналына.

Сол жылдарды марқұм

Нұрсұлтанов Тілек былай айтқан еді: «Қарт бәрінен де бұрын кетті. Өтепбергеннің шешесі Бағым қайтты, Зәрия, Сарыкөл қыстағында Дәмеш кемпірі қайтты, бәрі Қарағайда жерленді. 1953 жылы емтихан тапсыратын болып әкем, ағам – бәріміз Дәмеш апаның қолынан дәм татып, үйінде он күн жаттық. Үйі – ескі саман үй болды. Кіреберіс қазандық, сосын тағы бір бөлме, шай ішетін де, жататын да сол жер. Төлеген темекісін тартып отыратын үйде. Біз баламыз, аспанда самолет ұшып бара жатса, біз есіміз кетіп қараймыз. Сонда Төлеген ата: «Ертең Ләтифа баласының самолет айдағанын көреді» деп әжеме айтатын. Күлдіретін. Сол үйде, әйтеуір, карта ойнап отыратын жиналып. Алпыстан асқан бейнесі көз алдымда».

Ержан Қабдуллин: «Төлегеннің қадір-қасиетін білмеді. Ол кезде мен баламын. Ол кісінің күй тарту құдіреті басқаша болды. Анам мені кішкентайымнан домбыра үйренсін деп сүйреп, Нәсіретдин күйшінің, Төлеген атаның алдына алып барған. Нәсіретдин домбыра жасайтын. Маған үш бүктейтін домбыра жасатып, Төлегеннің алдына апарды. Төлеген күй тартқанда ұшқан шыбынның дауысы естілмейтін үнсіздік орнайтын. Мен есім кетіп қарап отырам, құдіретті болып кететін. Беріліп тартатын, жан-тәнімен, оның тартқан күйінде сондай құбылыс болатын, есіміз кетіп тыңдап, ерекше бір күйді басымыздан кешетінбіз.

Қали Жантілеуов пен Ғарифолла келіп жүреді. Біртуар, қайталанбайтын тұлғаны кезінде бағалай алмағанымыз өкінішті. Бір ауылға ғана емес, қазақтың басына біткен дара тұлға Төлегеннің қадіріне жете алмадық. Ауылда жүрген бір жігітті Ахмет Жұбанов сонау Алматыға жайдан-жай шақыртпаған шығар... Дара, тума талант болғанын пәлен жыл өткен соң біліп отырмыз. Қара суға түсетін күй тартқанда, қол соғысы еш бәсеңдемейтін. Қарсы алдында отырып тыңдадың талай.

Қали Жантілеуов жиі келіп тұрды. Келген сайын Қали «Соқыр Ищанды» тарттырады екен. Ол күйді Төлегеннен артық ешкім тарта алмапты. Тіпті Қали да тарта алмаған дейді. Ғарифоллаға бір-екі ән салдырып, өзі демалып тартатын екен. Қайтарының алдында Қали келгенде «Қайран Төке, қор болып жатыр екенсің» деп жылап кетіпті дейді. Орнынан тұра алмапты Төлеген...»

Ел ішінде әңгіме бар. «Табырдың әкесі Жароқт көр-

дім, әңгімелестім» дейді екен 94 жастағы бір қария. Сонда Жароқ: «Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Сейтекті көрдім, бірақ бәрінен де Төлеген артық тартатын еді, оның сиқыры – саусағында» депті. Оны «халық жауы» деп соттатып жіберген. Сібірде ағаш кесіп жүргенде саусағы үсіп кетіп, домбығып, елге келген соң: «Әй, саусақ бұрынғыдай емес қой» деп айтады екен. Бірақ сол саусақпен күйді бәрінен артық тартқан дейді. Бірақ ауылда ол туралы айтылған жоқ, өзі де әңгімелемеген.

Алғабас ауылына жақында домбырашы Е. Нәбиевті ертіп, тағы барып келдім. Бізді ауыл әкімдігінің қызметкері Айгүл Қадырғалиқызы алып жүрді. Мақсат – санада қайта жаңғырту, сол күндерге оралу болды. Біз ауылдан Төлеген Аршановты көрген тағы бір ақсақалды кездестірдік. Ол – 87 жастағы Мирас Жұмашев. Ол кезде Мирас ақсақал 15-16 жаста болыпты. «1952 жылы Жаңақаладан көшіп келгенім көрдім. Қырман басында қарауылшық болып қызметке орналасты. Карта ойнайды. Бір күні Чапаев аудандық газетіне лақап атпен «Қырман басында күркілдіктер» деген мақала шықты. Ішінде мен де бармын, шуылдасып, газетті оқып алдық. Сөйтсек, оны жазған жергілікті партия комитетінің хатшысы екен.

Төлеген ағаны бәрі қонаққа шақырады. Домбыра тартып отырады, қатты терлейді, демікпе адам ғой. Ол кісінің өнеріне, қадір-қасиетіне жете алмадық сол кезде. Сөйтсек, қатарынан озған өнерлі адам болған екен ғой, «еттең-ай!» – дейді Мирас ақсақал.

Төлеген Аршановтың зираты Қарағайлыда жатыр. Біз осы жолы соға алмадық, себебі ол араны су алып кетіпті. 2012 жылы болғанда ескіріп, құлпытасы жартылай сынып тұрған еді. Қазір не күйде? Су мен жел мүжіп, әбден құлағын шығар... Баласы Өтепбергеннен сұрағанымызда «Зират сол күйінде жатыр» деді... Осы жұмысты қолына алып, басын қайта көтеріп, құлпытасын жаңартар біреу бар ма екен? Жылдар жасырып, тарих қойнауында елеусіз қалған талантты жанды тұлғаға, бір ғана Алғабас ауылының емес, елдің адамына айналдырар, ауылға келген қонаққа «Бізде Төлеген Аршанов бар!» деп мақтаншыпен айтар күнге жетер ме екенбіз?! Құрманғазының күйлерін жеткізуші, ұлы композиторды ұрпаққа жалғастырған санаулы адамның бірі ретінде де, өзі жеке топты жарған дүлдүл күйші ретінде де бағасын қашан алар екен?

Ұлдай САРИЕВА,
Орал қаласы



Нәсіпқали ҚАЙЫРҚОМОВ,
еңбек ардагері:

– Аршанов Төлеген менің атамның нағашысы болды. Төлегеннің әкесі Тасмағанбетті де көрдім, қолына су құйып, қолынан ет асадым. Көбеш – екінші ұлы. Ал Төлеген бір көзі қылилау, кішкентай бойлы болды. Ән де айтты. Төлегеннің Төлеш деген ұлы, Бағым деген қызы болды. Бағым Атырау жақта тұрмысқа шыққан, бос болған соң байы елге әкеліп тастаған. Еріп келген баласы Өтепберген Төлегеннің қолында өсті. Төлегенов болып жазылды...

Қали Жантілеуов ауылға концертке келгенде міндетті түрде Төлегенге соғатын, шай ішіп, күй тарттырып кететін. Қол соғысына қызығатын еді. Мені шақырып алады, ол қарттың өнерін ешкім жалғастырмаған жоқ. Ұлы Төлеш тыңқылдатып тартатын, есепші болды. Төлегенге жалғыз қойын сойып, төрге отырғызып, күй тартқызатын. Орны төр, елдің алақанында болды. Жалғыз ұлы Төлештің әйелі Қибат тәртіпсіздеу, үйдің қызы болды, қартты сыйламады, қадірлемеді. Атасына келген кісіні жаратпады.

Төлеген қайтыс болып, өмірден өткенде өз мәртебесінде бола алмады. Қарасына қатыстым... Халықтың арасында бір Төкең болды. Сол кезде бір кісі келіп ән айтса, әжем жылап отырып тыңдайтын. Төлеш 1954 жылы үйленді. Мен 4, Қибат 7-сыныпта оқыды. Ол кезде жаппай сауатсыздықты жою керек деп бәрін бірге оқытты. Қибат жиырмада болған шығар, баяғыда әзірленіп қалған, тырсыған қыз. 7-сыныпты бітірді де, есепші Төлешке шықты, Қонай келді дүниеге, қыздары да болды, 1,5-2 жыл бірге тұрды да, мінезі шамалы болып, бөлек кетті.

Төлегенмен есте қалған бір жайтты айтайын. 1961 жыл. Бір отар қой бағып жүріп, велосипедпен дүкенге келгем. Көшеде Төлеген қарт өтіп бара жатыр екен, маған: «Әй, қайда барасың, қойды кімге тастап кеттің?» деді. Жіп-жіңішке етіп мохорка орап тартатын. Сақалсыз, мұртты адам, онысы сарғайып кеткен темекіден. «Дүкенге келемін» дедім. «Мал қайда?» деп күліп, ойнады. Соңынан да қонақтықта, көрген жерде: «Мына Нәсіпқали малды тастап, ауылға дүкенге келіп жүр» деп мені ұялтқысы келетін. Мен жаспын, ол кісінің әзіліне жөнді жауап бере алмаймын.

Ол кісі бізге келгенде әжем міндетті түрде «Төлегенжан келді» деп, көрші-көлемді шақырып, қонақ қылатын. Күй тартқанда тұла бойын қатты ұстайды, өте таразы, аласа адам, сол жақ көзінде ақ бар, күйді беріліп тартқанда көзі ақиып, аспандап шығып кете жаздайтын. Бір орнында отыра алмайтын, ғажап, ақкөңіл адам. Әйеліне де бір ауыз қатты сөз айтқанын естіген жоқпыз. Кейбіреулер ұқсап қонақтықта сыңарезуленіп, өзін көрсеткісі келіп, сөз таластырып отырмайтын.

Әкесі Тасмағанбет тері илейтін, иші болды. Шелек түптеу, оңдаумен айналысты. Соғыс уақытында құлаған самолеттің сынығын жинап, ақ алюминийден шелек жасап, түбін ағашпен түптейтін. Шебер адам болды. Төлегеннен кіші Көбеш деген інісі болды. Көбештің жалғыз ұлы Ғарифолла қайтты, қазір немерелері бар. Тасмағанбет Қарағайда Көбештің қолында тұрды.

Жыр алыбы - Жамбыл

Қазақтың халық ақыны, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына орай Пугачев ауылдық модельді кітапханасында ересек және жасөспірім оқырмандардың қатысуымен мазмұнды әдеби кеш өтті. Рухани іс-шараның негізгі мақсаты – ұлт руханиятының алып тұлғасының өмірі мен мол мұрасын насихаттау, оқырмандардың поэзияға деген қызығушылығын арттыру, сондай-ақ жас ұрпақтың бойында тарихи сана мен отансүйгіштік құндылықтарды қалыптастыру.

Іс-шара барысында осы жолдардың ауторы қатысушыларды ақынның өмір жолы және шығармашылық мұрасымен бейнеролик арқылы таныстырды. Сонымен қатар «Жырдың мәңгілік үні» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалып, Жамбыл жырларының тарихи-мәдени маңызы кеңінен әңгімеленді. Көрмеге қойылған әдебиеттер арқылы оқыр-



мандар ақын поэзиясының тақырыптық ауқымы мен тәрбиелік мәніне тереңірек қанықты.

Кештің көркін оқырман Е. Жайықтың домбырамен орындаған күйі аша түсті. Ұлттық өнердің әсем әуені әдеби атмосфераға ерекше рең беріп, рухани кештің әсерін арттырды. Қатысушылар Жамбыл өлеңдерінен үзінділерді мәнерлеп оқып, жыр құдіретін жүрекпен сезінді.

Әдеби кеш барысында ерекше назарға алынған

туындылардың бірі – биыл 85 жылдығы аталып отырған Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өренім» өлеңі болды. Қатысушылар бұл шығарманы халқымыздың тарихи сезімі мен ерлік рухын айшықтайтын, патриотизмді асқақтататын мәңгілік жыр ретінде бағалады. Өлеңнің тағдырлы кезеңде дүниеге келуі, ел рухын көтерудегі маңызы және бүгінгі ұрпаққа берер тағылымы жайлы әсерлі ой-пікірлер айтылды.

Ұлы жыршы мұрасы ұлықталған тағылымды кеш оқырмандар жадында жарқын әсер қалдырды. Осындай рухани іс-шаралар ұлттық әдебиетке деген құрметті арттырып, жас буынның кітап пен поэзияға қызығушылығын нығайта түсері сөзсіз.

Айгүл ЕСЕНҒАЛИЕВА,
Пугачев ауылдық
модельді кітапханасының
меңгерушісі,
Бөрлі ауданы

Көрермен жүрегін жылытқан премьерара

Жақында Оқушылар сарайында «Мақашева» драма үйірмесі мен театры ұсынған «Сол бір кез...» атты комедияның премьерасы өтті. Жас көрермендерге арналған бұл қойылым мектеп өміріндегі қызықты оқиғалар мен оқушылардың алғашқы сезімдерін шынайы әрі әсерлі түрде бейнелейді.

Сахна төрінде өрбіген оқиғалар барысында кейіпкерлердің аңғал әрекеттері, күтпеген жағдайлары мен күлкілі сәттері көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Ал-

ғашқы сезімнің тазалығы, достық пен сыйластық, адалдық пен адамгершілік секілді құндылықтар қойылымның негізгі арқауына айналған.

Драматург Қанат Жүні-



совтің «Сол бір кез...» қойылымы мектеп өмірінің бояуы қанық сәттерін шебер жеткізген, тәрбиелік мәні зор, көңілді әрі әсерлі туынды ретінде көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Қойылымда өнер көрсеткен жас шығармашылық топ сахнада өз рөлдерін нанымды әрі табиғи сомдап, мектеп оқушыларының мінез-құлқын, арман-тілектерін, алғашқы сезімдерін шынайы жеткізе білді. Олардың сахнадағы еркіндігі мен шынайылығы қойылымның көркемдік деңгейін арттырып, көрермен көңілінен шықты.

Премьера соңында ұйымдастырушылар тарапынан шығармашылық ұжымға арнайы марапаттар табыс етілді. Сонымен қатар осындай тәрбиелік мәні жоғары қойылымдардың жас ұрпақ үшін маңызы ерекше екені айтылды.

Айта кету керек, премьераны аудандық және қалалық мектептердің оқушылары тамашалап, қойылымнан ерекше әсер алды. Жас көрермендерге шаттық сыйлаған «Сол бір кез...» қойылымы өнер арқылы тәрбиелеудің жарқын үлгісіне айналып, көпшілік жадында ұзақ сақталары сөзсіз.

Өз тілшіміз





ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМА

Мемлекет басшысының балалар спортын дамыту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру аясында елімізде балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін қаржыландырудың жаңа жүйесі кезең-кезеңімен енгізілуде.

Жаңа тәсілге сәйкес 2026 жылдан бастап жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру жүйесі қолданысқа енгізіледі. Бұл жүйе бойынша қаражат әр спортшыға жеке бөлініп, бір балаға жұмсалатын ең төменгі шығын көлемі жылына 415 мың теңгеге дейін ұлғайтылады. Сонымен қатар жаттықтырушы-оқытушылардың еңбекақысы біліктілік деңгейіне байланысты 30%-ға дейін артады. Бұл саланың кадрлық әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді. Қаржыландыру үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай цифрлық платформа енгізіледі. Жаңа жүйе балалар спортын дамытуға, қызмет сапасын арттыруға және сапалы спорттық резерв қалыптастыруға бағытталған.

КАНОЭДЕН ҚАРА ҮЗІП ШЫҚТЫ



Түркістан қаласындағы халықаралық есу арнасында байдарка мен каноэде ескек есуден көктемгі Қазақстан чемпионаты басталды. Ескекшілер 10 бағдарламада өзара мықтыны анықтайды.

Жарыстың алғашқы күні сынға түскен оралдық Мария Бровкова каноэшылар сынында жеңіске жетті. Каноэде 1000 метрге жарысқан Мария Бровкова мәре сызығын бірінші боп кесті. Ол Руфина Исакова (Шымкент қала-

сы) мен Маргарита Торлопованы (ШҚО) артқа тастады.

Аталған дода – сәуір айының аяғында Қытайдың Хейфей қаласында өтетін Азия чемпионатына іріктеу кезеңі. Жарыстың екінші күні спортшылар байдарка мен каноэде ескек есуден 500 метрге жарысып, жүлдеге таласты. Соның нәтижесінде әйелдер арасында оралдық Мария Бровкова үздік нәтиже көрсетті. Ол Түркістан облысының өкілі Ульяна Кисилёва мен астаналық Ольга Сурминаны басып озды. Сонымен қатар Мария Бровкова мен Ольга Сурмина 500 метрге каноэ есу жарысының жұптық сынында күміс жүлде иеленді. Айта кетейік, чемпионат бір аптаға созылады.

80 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен Өнер Сейілхан финалда украиналық Джамал Кулеевті жеңіп, турнирдің алтын жүлдесін иеленді. Ол финалға дейін ринг иесін және тағы бір украиналық спортшыны жарыстан шет қалдырды.

Турнирде 85 келі салмақ дәрежесінде бақ сынаған Батыс Қазақстан облысының боксшысы Аян Қалмағамбетов те жеңіс тұғырына көтерілді. Финалда ол австралиялық Билял

Сүедті айқын басымдықпен жеңді. Аталған халықаралық турнирге Австралия, Өзбекстан, Түркия, Әзербайжан, Молдова, Румыния, Сербия, Украина, Грузия және Еуропаның өзге де елдерінен келген мықты былғары қолғап шеберлері қатысты.

– Финалға шыққан облыстың қос боксшысы алтын жүлде иеленді. Бұл өңір боксының жоғары деңгейін тағы бір мәрте дәлелдеді. Жеңімпаздарды және барша жанкүйерлерді айтулы жетістікпен құттықтаймыз! Көк Туымыз халықаралық ареналарда әрдайым биіктей берсін. Ал біз сол жолда аянбай еңбек етеміз, – деді бапкер Берік Жарылқасын.

ТҮРКИЯДА ТОП ЖАРДЫ

Түркияның Ыстанбұл қаласында өткен бокстан 34-ші Ахмет Жомерт халықаралық турнирінде өңір боксшылары жасындай жарқылдады.

80 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен Өнер Сейілхан финалда украиналық Джамал Кулеевті жеңіп, турнирдің алтын жүлдесін иеленді. Ол финалға дейін ринг иесін және тағы бір украиналық спортшыны жарыстан шет қалдырды.

Турнирде 85 келі салмақ дәрежесінде бақ сынаған Батыс Қазақстан облысының боксшысы Аян Қалмағамбетов те жеңіс тұғырына көтерілді. Финалда ол австралиялық Билял

ТЕННИСШІЛЕР ТАБЫСЫ

2025-2026 жылғы маусымда үстел теннисінен Австрия кубогі жолындағы жарыс қазақстандық спортшылар Дастан және Айдос Кенжеғұловтар үшін табысты аяқталды.

Айдос Кенжеғұлов өнер көрсететін «Stockerau» клубы турнир қорытындысы бойынша чемпион атанып, алтын жүлдені иеленді. Осылайша, спортшы өзінің жоғары деңгейін тағы бір мәрте дәлелдеді. Ал «Badener» клубының ойыншысы Дастан Кенжеғұлов тартысты бәсекеде үздік үштіктен көрініп, қола медальға қол жеткізді. Бір турнирде ағайынды спортшылардың қос бірдей жүлде алуы – олардың тынымсыз еңбегі мен кәсіби шеберлігінің айқын көрінісі. Еуропалық додада ел намысын абыроймен қорғаған теннисшілердің жетістігі қазақстандық спорт үшін маңызды нәтиже болып саналады.



ЕУРОЛИГА ҮЗДІГІ

Грузия мемлекетінде өткен баскетболдан ЕУВЛ халықаралық Еуролига U-16 турнирінде Қазақстан құрамасы ІІІ орынға ие болды. Бұл жарыста ел намысын қорғаған «BQO-ARLANS» командасының ойыншылары Бейбарыс Құдайберген мен Даниял Аманкелді жоғары деңгейде өнер көрсетті.

Турнир қорытындысында Құдайберген Бейбарыс «Үздік ойыншы» атағына ие болып, өзінің шеберлігін дәлелдеді. Бұл жетістік – Орал өңірі баскетболы тарихындағы бұрын-соңды болмаған табыс.

Жас спортшылардың жеңісі өңір спортының қарқынды дамып келе жатқанын көрсетеді.

– Баскетбол клубы былтыр құрылды. Қазіргі таңда біздің негізгі команда жоғары лигада, ал жасөспірімдер санатындағы ойыншылар ел чемпионаттарында өнер көрсетуде. Мақсатымыз – ересектер арасындағы ұлттық құрамаға ойыншы дайындау, – дейді «BQO-ARLANS» клубының бас бапкері Досым Қуанаев.

ҚОЛА ҚЫЗ

Әзербайжанда өткен «Great Silk Way» халықаралық бокс турнирінде оралдық Ақнар Ищанова қола жүлдеге ие болды. 65 келі салмақта сынға түскен спортшы жарғылай финалда жеңіліс тапты. Ал осы сайыста бақ сынаған Нұрсұлтан Нұриденов жүлдеге бір қадам жетпей қалды. Турнирге Әзербайжан, Өзбекстан, Грузия, Молдова, Болгария, Венгрия және Пәкістан елдерінің үздік былғары қолғап шеберлері қатысты.

Дайындаған Түгелбай БИСЕН,
«Орал өңірі»





Өміріңізді сақтап қалатын кеңестер

1

Көлікке отырар алдында аутокөліктегі артқы орындықты көзбен шолып өтіңіз



6

Өзін-өзі қорғаудың негізгі тәсілдерін меңгеріп, жаттығыңыз



2



Егер газдың иісін сезсеңіз, жарықты қоспаңыз

7




Егер тоғайда адасып қалсаңыз, өзен ағысымен төмен қарай жүріңіз

3



Бісқырықты сөмкенізде ұстаңыз, оның дыбысы айқайлағаннан гөрі күшті естіледі

8



Жер сілкінісі кезінде есік жақтауы тұсында тұрыңыз немесе үстелдің астын паналаңыз

4




Өрт кезінде түтінді жұтпау үшін еденге отырыңыз

9



Ғаламторда бейтаныс адамдарға өзіңіздің нақты орналасқан жеріңізді бөліспеңіз

5



Егер машина суға құласа, терезені бірден ашыңыз

10

Өз түйсігіңізге сеніңіз егер қауіпті сезсеңіз, аулақ кетуге қам жасаңыз



«Qazaq kalium LTD» ЖК «Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданындағы «Сатимолла» кен орны базасында калий тұздарының тау-кен байыту кешенінің I кезегін салу» жобасына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Базаршолан а. о., Ақжайық ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

Қоғамдық тыңдаудың өтетін орны, күні мен уақыты: 2026 жылғы 15 мамыр сағат 10:00-де Базаршолан а.о., Базаршолан а., Қабдығали Оразов к-сі, 2, мәдениет үйі. ZOOM платформасында онлайн қосылым-конференция идентификаторы: 859 9637 7401, кіру коды: 924144.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Qazaq kalium LTD» ЖК, БСН 950440001366, Астана қ., Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 37/10 ғимарат. Тел: +7-707-599-10-05.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Есо Јер» ЖШС, БСН 200640023864, Қарағанды қ., Әлиханов к-сі, 37, ҚҚ, 627, тел: 8-(7212)-31-98-76.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, содан кейін жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен ndbecology.gov.kz порталында «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады. Барлық ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Жергілікті атқарушы құрылым: «Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ: zko_forest@bko.gov.kz, БҚО, Орал қаласы, Сарайшық көшесі 47, 8 (7112) -24-09-76.

Қосымша ақпаратты электронды пошта, мекенжайы esojer@mail.ru арқылы немесе +7 (7212) 31-98-76 телефоны бойынша алуға болады.

«Qazaq kalium LTD» ЖК «Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданындағы «Сатимолла» кен орны базасында калий тұздарының тау-кен байыту кешенінің I кезегін салу» жобасына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Сарытоғай а. о., Ақжайық ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны, күні мен уақыты: 2026 жылғы 15 мамыр күні, сағат 15:00-де, Сарытоғай а.о., Жанама а., Ғалымов к-сі, 23 үй, Мәдениет үйі. ZOOM платформасындағы онлайн қосылым-конференция идентификаторы: 846 7790 0542, кіру коды: 199051.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Qazaq kalium LTD» ЖК, БСН 950440001366, Астана қ., Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 37/10 ғимарат. Тел.: +7-707-599-10-05.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Есо Јер» ЖШС, БСН 200640023864, Қарағанды қ., Әлиханов к-сі, 37, ҚҚ, 627, тел.: 8-(7212)-31-98-76.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, содан кейін жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен ndbecology.gov.kz порталында қоғамдық тыңдаулар бөлімінде танысуға болады. Барлық ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Жергілікті атқарушы құрылым: «Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ: zko_forest@bko.gov.kz, БҚО, Орал қаласы, Сарайшық көшесі 47, Тел.: 8 (7112) -24-09-76.

Қосымша ақпаратты электронды пошта, мекенжайы esojer@mail.ru арқылы немесе +7 (7212) 31-98-76 телефоны бойынша алуға болады.

«KAZMEAT Ақжайық» ЖШС қоршаған ортаға әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар топтамасы бойынша ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды: 2026-2035 жылдарға арналған «KAZMEAT Ақжайық» ЖШС – ластаушы заттардың шекті рұқсат етілген шығарындыларының нормативтері (РШН) жобасы; 2026-2035 жылдарға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы жобасы; 2026-2035 жылдарға арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы жобасы; 2026-2035 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары жобасы; «БҚО, Бәйтерек ауданы, Янайкин ауылы бойынша мал бордақылау кешенін қайта жаңғырту» жобасы (ҚОҚ бөлімімен).

Бастамашысы: «KAZMEAT Ақжайық» ЖШС, БҚО, Бәйтерек ауданы, Янайкин ауылдық округі, Янайкин ауылы, Алматы көшесі, 23 ғим., БСН: 230540023449, тел.: +7 7018169793.

Нысанның орналасқан жері: БҚО, Бәйтерек ауданы, Янайкин ауылы.

Әсер ету аймағы: БҚО, Бәйтерек ауданы, Янайкин ауылы.

Алаңның географиялық координаттары: 50°42' 36" N 51°05'23" E.

«Жайықмұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2026 жылдың сауір айының 16-сынан бастап және 5 жұмыс күн аралығында «Бәйтерек ауданының аумағында орналасқан №301 ұңғымалар алаңын салу. Бұзылған жерлерді қалпына келтіру» жұмыс жобасы үшін жасалған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша бірыңғай экологиялық порталының сайтында (<https://ndbecology.gov.kz/>) жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін, сондай-ақ жобалық құжаттамамен ndbecology.gov.kz. сайтта танысуға болады. Тел.: 8-705-514-17-00.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күні, уақыты және орны: 2026 жылғы 20 мамыр сағат 15:00, БҚО, Бәйтерек ауданы, Янайкин ауылдық округі, Янайкин ауылы, мәдениет үйі ғимараты, Бәйтерек көш., 27, онлайн қосылу:

<https://us06web.zoom.us/j/8613431471?pwd=UXZ5S5ZU0a0hNRUJZSU5YR3F3Uj1QUtO9&omn=86202258899>

Конференция идентификаторы: 861 343 1471

Кіру коды: 123456zoom

Қоршаған ортаның жай күйіне ықтимал әсерлер туралы есептің жобасын әзірлеуші: «ABC Engineering» ЖШС, abc_engineering@inbox.ru; 8 705 576-46-87.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, содан кейін жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен ndbecology.gov.kz порталда, сондай-ақ «Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ndbecology.gov.kz сайтына немесе БҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының tabigat_zko@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

Кеме иелерінің назарына!

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитеті «Қазақстан су жолдары» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Орал-Каспий филиалы 2026 жылдың 20 сәуірінен бастап ұзындығы 43 шақырым болатын Батыс Қазақстан облысы Жайық өзенінің Кривостарицкий жарынан Т. Барбастау жарына дейінгі учаскесінде навигацияның ашылатындығы туралы хабарлайды.

Туған бөлеміз Арман Жәлелұлы Жұмағалиевтың кенеттен қайтыс болуына байланысты анасы Сараш апамыз бен бауырларына, марқұмның зайыбы Света мен перзенттеріне қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Ғұбайдуллиндер әулеті

Газет ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 19 мамырда тіркеліп, №КЗ499УУ00070442 куәлігі берілген



zhaikpress.kz

«ORAL ONIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Дархан ОРАЗОВ

Редакция алқасы:

Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН

Нұртай ТЕКЕБАЕВ,

Гүлсезім БИЯШЕВА

(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың қабылдау бөлмесі 50-30-14. Бас редактор 51-25-80. Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08. Жауапты хатшы 54-38-22. Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09. Эл. пошта: zhaikpress-reklama@mail.ru Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады. А белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral oniri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. «Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Т. Смағұлов көшесі, 9/2. Телефон: 8 (7132) 400-400, 8(7132) 545-545. Индексі: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 9190 4 баспа табақ. Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: Н. СҰЛТАНОВА, А. ШОҢЫРАЕВА
Кезекші редактор: Г. КЕНЖЕҒАЛИЕВА



Шыңғырлау ауданындағы жалпы орта білім беретін Келешек мектебі оқушыларға білім берумен ғана шектелмейді, аталмыш білім ошағында шәкірттердің шығармашылық, зияткерлік қабілеттерін дамыту үшін барлық жағдай жасалған. Мұнда ноутбуктармен жабдықталған, жұмсақ орындықта отырып кітап оқу үшін жағдай жасалған заманауи кітапхана, кең әрі жарық акт және спорт залдары, сондай-ақ STEM-зертханалар, жаратылыстану-математикалық бағытта жабдықталған сыныптар, роботтық техника кабинеті бар. Білім ошағындағы «Жас талант» телестудиясында оқушылар подкасттар түсіріп, кейіпкерлерден сұхбат алып, журналистік қарым-қабілетін шыңдауда. Ал ART студиясында бейнелеу өнерінің негізін үйренсе, биология пәні бойынша арнайы бөлмеде әр оқушының алдына микроскоптар, гидропоника қойылған, олар қондырғының көмегімен салат жапырақтарынан бастап, көкөніс өсіру жолдарын үйренуде. Яғни шыңғырлаулық бүлдіршіндер ғылыми жолдың негізін мектептен қалап жатыр. Заманауи білім ұясындағы әр кабинетті бізге Шыңғырлау ЖОББМ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ботакөз Сисенова таныстырып, мектеп мақтаншытары туралы да айтты.

Шыңғырлау мектебінде жас таланттар шыңдалуда



шылығы зор. Ұлдар «Төрт түлік» лого қорапшасын ағаштан лазерлі станок арқылы кесіп жасады. Ортағына робот орнатты. Бұл қорапша ерекше білімді қажет ететін бүлдіршіндерге арналған. Яғни олардың қол моторикалары мен ақыл-ойын дамытуға үлес қоспақ. Қораптың үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек секілді кесінділерін орнына салу қажет. Сандарды қосып, нәтижесі бойынша цифрды да орналастырады. Төрт түлік малды біліп жүрсін деген мақсатта жануарлардың бейнесі белгіленген батырманы басқан кезде олардың даусын еститіндей мүмкіндік жасадық, – деді үйірме жетекшісі Марат Жұмағалиев.

Келешек мектебінде ART студия да жабдықталған. Түрлі натюрморттар мен мүсіндер толған ART-студия кабинеті құдды музей дерсің.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – БАСТЫ ҰСТАНЫМ

Шыңғырлау жалпы орта білім беретін мектебінің директоры Светлана Тайпақова оқушыларға білім мен тәрбие беріп қана қоймай, олардың өнерлі, шығармашылыққа бейім, спортты жандарына серік ететін шәкірт болып шығуына ден қояды. Сондай-ақ ұлттық құндылықтарды насихаттау бойынша да шәкірттердің домбыра үйірмесіне қатысып, үзілісте бес асық ойнауына да жағдай жасаған.

Мектепте жалпы 517 оқушы білім алып жүр. Биылғы оқу жылында 34 оқушы 11-сыныпты аяқтамақ. Олардың үшеуі «Алтын белгіге», бір оқушы үздік аттестатқа үміткер. Білім ошағында 86 мұғалім қызмет етсе, бесеуі педагог-магистр, 16 педагог-зерттеуші, 24 педагог-сарапшы, 29 педагог-модератор біліктілігі бар ұстаз. Былтыр бұл мектепке «Қазақстан халқына» қоры есебінен 242 млн тенге көлемінде қаржы бөлініп, 27 оқу кабинеті заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Жоғарыда айтып кеткен кабинеттерден тыс, физика, химия, биология кабинеттерінде мұғалім мен оқушыларға арналған зертханалық бокстар, география кабинетіне зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған құралдар, алғашқы әскери және технологиялық дайындық кабинетінде электронды тир бар. Сондай-ақ мұнда 90 дербес компьютер, 102 ноутбук, 37 интербелсенді панель, 40 дана веб-камера орнатылған. Интернет желісін тиімді қолдану мақсатында интернет сүзгісі жабдықталған. Сонымен қатар мектептің қауіпсіздік жүйесі заманауи талаптарға сай: бейнебақылау камералары және полициямен тікелей байланыс орнатуға арналған дабыл түймелері бар.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы сәтті жүзеге асырылғаны мәлім. Бұл жобаның басты мақсаты – ауыл мен қала мектептері арасындағы білім беру алшақтығын жойып, тең мүмкіндік қарастыру болатын. Шыңғырлау ауданындағы «Келешек мектебі» – бұл жай ғана заманауи кабинеттер ғана емес, бұл ел болашағына жасалған инвестиция деп білеміз. Осындай игіліктің нәтижесінде шыңғырлаулық бүлдіршіндер заманауи, жайлы әрі шабыттандыратын ортада білім алып жүргендеріне дән риза.

Гүлсезім БИЯШЕВА,
«Орал өңірі»,
Шыңғырлау ауданы

ОҚУШЫЛАР ПОДКАСТ ТҮСІРІП, МОНТАЖДАЙДЫ

Келешек мектебіндегі еңбекке баулу бөлмелері ұлдарға және қыздарға бөлек қамтылған. Қыздардың еңбекке баулу бөлмесінде ас-ауқат дайындап үйренуге және іс тігу үшін арнайы құрал-құрылғылармен жабдықталған бұрыштар бар. Ісмерлікке баулитын бұрышта қыздарға тігін машинасын дұрыс қолдануды, матаны өлшеп-пішуді, тігуді үйретеді. Ас үй жиназдары орнатылған бұрышта жасөспірім қыздар тамақ пісіріп үйренеді. Ал ұлдар станоктармен ағаш, темір секілді материалдарды өлшеп, кесіп, түрлі бұйымдар жасайды.

Біз таңғалған келесі кабинет – «Жас талант» телестудиясы. Мұнда арнайы сұхбат алаңы, әр түрлі жарық шамдар, телесуфлер, камералар қойылған.

– Телестудияда оқушылар подкасттар түсіреді, түрлі кейіпкерлерден сұхбат алады. Мәселен, жуырда осы білім ұясының 90 жылдығына орай аудандық форум өтті. Сол кезде Шыңғырлау жалпы орта білім беретін мектебін осыдан 40, 30 жыл бұрын бітірген ағаларымыз еліміздің әр түкпірінен келді. Шәкірттеріміз солардан сұхбат алып, мектебіміздің әлеуметтік желісіне жүктеді. Аудан әкімінен, аудандық білім беру бөлімінің басшысынан да осы жерде сұхбат алынды. Біздің мақсатымыз – журналистикаға қызығушылығы бар оқушыларды маман ретінде дағдыландыру, үйрету. Сондай-ақ телестудияда монтаж жасайтын орын да жабдықталған.

Яғни болашақ видеооператорлар сұхбаттарды монтаждайды, стилистеріміз жас тілшілеріміз бен кейіпкерлердің бет-әлпетін әрлейді. Жас тілшілеріміз эфирде айтатын сөздерін жазып, сценарий құрады, – деді аталмыш мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Талант Жұмағалді (суретте).

ҰЛДАР ЛАЗЕРЛІ СТАНОКПЕН ЖҰМЫСТАНАДЫ

Шыңғырлау орта мектебіндегі ерекше кабинеттердің бірі – роботтық техника бөлмесі. Мұнда оқушылар дайындаған робот құрылғылар, бұйымдар, әр түрлі үлгілер (макеттер) қойылған.

Бұл салаға қызығушылығы бар ұлдар лазерлі станокпен жұмыстанып, ағаштан түрлі өлшемдегі картинкалар жасайды екен. Олардың арасынан Шыңғырлау ауданының 3D картасы көзімізге түсті. Картаның ерекшелігі сол, аудан аумағында кездесетін жан-жануарлар мен құстардың суретін лазермен ағаш картаға салған. Сондай-ақ көлікке ілетін бұйымдар, күннен қуат алатын сағат, аутизммен ауыратын балаларға арналған, яғни түсті ажыратып, жан-жануарлардың дауысын салатын ойыншықтар жасапты. Роботтық техника бойынша ғылыми жобаларда үздік деп танылған макеттерді бізге роботтық техника үйірмесінің жетекшісі Марат Жұмағалиев (суретте) таныстырды.

Роботтық техника, STEM инженерия бағыттары бойынша республикалық «Зерде» ғылыми жобалар байқауынан осы мектептің 5-сынып оқушысы Галихан Умидияровтың жобасы бірінші орын иеленген. Мал шаруашылығын дамытуға арналған аппарат сиырлардың дене температурасын өлшеп, оны таблодан көрсетеді, вакцина салады, дронмен малды іздейді. Сиырдың тұяғын зарарсыздандырады.

– Оқушылардың роботтық техника үйірмесіне деген қызығу-

